

Қазақстан Республикасының Ғылым және Білім беру
министрлігі

ПАВЛОДар УНИВЕРСИТЕТІ

МАГИСТРАТУРА

«Педагогика және психология» кафедрасы

Магистерлік диссертация.

Тақырыбы: «Мінез-құлқында қиындығы бар оқушыны
зерттеу барысында қайта тәрбиелеу әдістері арқылы
оқушының бойында сенімділігі дамыту» .

520950 «Психология»

Орындаушы _____
«КОЛЫ ,күні »

Ғылыми жетекші:

П. ғ. к. профессор _____ Т. Р. Шаймерденов .

Қорғауға жіберілсін:

Кафедра меңгерушісі

Профессор _____
(КОЛЫ)

Павлодар 2005

Мазмұны

1 Кіріспе

Мінез-құлқында қиындығы бар оқушыларды тануда зерттеуде қайта тәрбиелеудегі педагогикалық-психологиялық жұмыс

1.1 Мінез-құлқында қиындығы бар оқушыларға әсер етуші факторлар

1.2 Мінез-құлқында қиындығы бар оқушылардың жеке ерекшеліктері

1.3 Мінез-құлқында қиындығы бар оқушылармен атқарылатын жұмыстың түрлері негізгі шарттары

Мінез-құлқында қиындығы бар оқушылармен атқарылатын жұмыстың бағдарламасы

Қорытынды

Қосымша

Әдебиеттердің тізімі

Кіріспе

I бөлім Мектептегі мінез-құлқында қиындығы бар балаларды тануда зерттеуде қайта тәрбиелеудегі педагогикалық және психологиялық жұмыс

1.1 Анықтамасы және әсер етуші факторлар

1.2 Мінез-құлықтағы қиындық түрлері мінез-құлқында қиындығы бар оқушылардың жеке ерекшеліктері

1.3 Мінез-құлқында қиындығы бар оқушылармен атқарылатын жұмыс түрлері негізгі шарттары

II бөлім Мінез-құлқында қиындығы бар оқушылармен атқарылатын жұмыстың бағдарламасы

а әлеуметтік жағдайы

ә психологиялық тұрғыдан зерттеу

б Қайта тәрбиелеу жұмыстарын жүргізу

III бөлім

РЕФЕРАТ

«МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТАҒЫ ҚИЫНДЫҒЫ БАР ОҚУШЫНЫ
ЗЕРТТЕУ БАРЫСЫНДА ҚАЙТА ТӘРБИЕЛЕУ ӘДІС-
ТӘСІЛДЕРІ АРҚЫЛЫ

СЕНІМДІЛІКТІ ДАМУ» ТАҚЫРЫБЫНДА
ЖАЗЫЛҒАН МАГИСТЕРЛІК ЖҰМЫС ЖАЛПЫ ІІІ
БӨЛІМНЕН ТҰРАДЫ

І БӨЛІМДЕ НЕГІЗІНЕН ТЕОРИЯЛЫҚ МӘЛІМЕТТЕР,
БҰЛ МӘСЕЛЕМЕН АЙНАЛЫСҚАН ЗЕРТТЕУШІЛЕРДІҢ
ТҰЖЫРЫМДАМАЛАРЫ ЕНГІЗІЛГЕН. СОНЫМЕН БІРГЕ
ҚИЫН ОҚУШЫ ҰҒЫМЫНЫҢ НЕГІЗГІ МӘНІ, МІНЕЗ-
ҚҰЛЫҚТАҒЫ ҚИЫНДЫҚҚА ӘСЕР ЕТУШІ ФАКТОРЛАР
ЖӘНЕ БҰНДАЙ ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУДІҢ
НЕГІЗГІ ШАРТТАРЫ КЕЛТІРІЛГЕН.

ІІ БӨЛІМДЕ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНДА ҚИЫНДЫҒЫ БАР
ОҚУШЫНЫ ЗЕРТТЕУГЕ АРНАЙЫ ҚҰРЫЛҒАН
БАҒДАРЛАМА, ОНЫҢ МАҚСАТЫ, БАРЫСЫ
АШЫЛҒАН. ЭКСПЕРИМЕНТ ЖҮРГІЗУДЕ
ҚОЛДАНЫЛҒАН ТЕСТІЛЕР, САУАПНАМАПАР
ЕНГІЗІЛГЕН

СОҢЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН ЖҰМЫСТЫҢ
ҚОРЫТЫНДЫСЫ БЕРІЛГЕН.

БҰЛ ЖҰМЫСТЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҒЫ, БҰЛ МІНЕЗ-
ҚҰЛҚЫНДА ҚИЫНДЫҒЫ БАР ОҚУШЫНЫ ЗЕРТТЕП,
ҚАЙТА ТӘРБИЕЛЕУ ҮШІН ҚҰРЫЛҒАН БАҒДАРЛАМА
ДЕП ЕСЕПТЕЙМІН

СЕБЕБІ, БҰЛ БАҒДАРЛАМА МЕКТЕПТЕГІ ҚИЫН
ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУДЕ СЫНЫП
ЖЕТЕКШІЛЕРІ, ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГ ЖӘНЕ
ПСИХОЛОГТАР ҮШІН ҚАЖЕТТЕІ ҚҰРАЛ БОЛАДЫ
ДЕП ЕСЕПТЕЙМІН

Кіріспе

Мінез --- кұлықтағы қиындық және қиын балалар ұғымы 1920-1930 жылдары пайда бола бастады. (Блонский П.П.)

Бастапқыда ғылым саласында емес, күнделікті өмірде қалданылып жүрді. Біраз уақыт ұмытылып, 1950-60ж. б. қайтадан қолданысқа енді. Қазірде бұл терминдер ғылыми сөздіктерде нақты орын алып отыр.

Сөз етіп отырған бұл мәселе әрдайым социолог, психолог, юрист, дәрігер, педагог мамандарының зейінін өзіне аударып, оларды алаңдатып отыратын үлкен мәселе екенін айтып өту керек.

Ең алғаш осы мәселе бойынша зерттеу жүргізген П.П.Бельский (1917ж. 1924) болды, өл өз мінез-құлқы жомасынан ауытқыған, кәмелетке жасы толмаған балаларды қарастырды. П.П.Бельский өзінің 30 жыл уақытын заң бұзушы балалар мен жасөспірімдердің ішкі әлімін зерттеуге арнады. Бірақ та оның теориялық позициясы жеткіліксіз болды. Ол Л.И.Петрожицийдің теориясына сүйенеді (1908), З. Фрейд пен К.Левиннен, сонымен қатар Ч.Ломбрододан да бірталай мағлұматтар ауы. А.С. Макаренконың қиын балалар мен жасөспіріндерге арналған еңбектері отандық педагогиканың алтын қорына енді.

П.О. Эфрусси мінез-құлықтағы қиындық табиғатын жүйке жүйесіндегі ерекшеліктер: козушылық, көңіл-күйдің аумалы төкпелігімен, жұмысқа қабіреттіліктің нашорлауымен түсіндіруге әрекет жасады, сонымен бірге ол психологиялық себептерді, физиологиямен ұштостырды. Оның зерттеуінің құндылығы мында, ол кейбір жекелік ерекшеліктерді талдауға, соның ішінде оқушылардың өзін-өзі қалыптастыру әдетін анықтауға көп септігін тигізді.

Қиын балалардың жекелік ерекшеліктерін өмір жағдайымен, тәрбиемен өзара ерекеттестігін есепке алып, кешенді құрама түрінде зерттеп, іске асырған П.П.Блонский (1936ж.) болды. Оның зерттеуінің негізгі моқсаты-қиын балалардың өмірін анықтау. П.П.Блонский қиын балалардың мінез-құлық тарихын мектеп, отбасы арқылы ашып көрсетеді. Ол қиын балаларға мұғалімнің қатынасы арқалы ашып көрсетеді. Ол қиын балаларға

мұғалімнің қатынасы арқылы «қиын оқушы» терминін нақтылауды жөн көреді. Бұл балаларға былайша мінездеме береді: «Объективті көзқараспен қарағанда қиын оқушы – мынадай, ол мұғалімнің жұмысының жемісті еместігіне байланысты. Субъективті көзқараспен қарағанда қиын оқушымынадай, онымен мұғалімге жұмыс істеу өте қиын, мұғалімнен көп жұмыс істеуді талап ететін оқушы..» «Усті бүлдіруші» оқушыларға толыққанды мінездеме бере отырып, П.П. Блонский өз жұмыстарында мектепті, сыныпты ұйымдастыруға боса көңіл бөледі. Блонскийдің пікірі бойынша қайта тәрбиелеудің нағыз тура жолы, тәртіп бұзушыларды мәдениетсіз ортадан мәдениетті балалар ұжымына біртіндеп әкелу болып табылады.

Көп жылдық оқу мен бақылау негізінде И.А. Невский қиындықпен тәрбиеленетін баланың п.болуын, балалармен отбасында, мектепте жүргізілетін оқутәрбие жұмыстарының жеткіліксіздігінен, кемеліне жетпеген педагогикалық практика нәтижесінен деп түсіндірді. Ары қарай ол өз ойын былай көрсетеді: Бұл қиыр қозғалыспен күресу бағытының шешімі мұғалімнің тиіледі әдістерді меңгеру қабілетіне қарай емес, сол әдістерді дұрыс қолданып, дұрыс шеруіне негізделеді. Ал, бұл негіз ең біріншіден педагогтің жеке қасиетіне, қабілетіне, оқушымен қорымқатынасына, олардың әрекеттерін дұрыс ұйымдастыруына қарай құрылады.

Баланың психикасы көп факторлы, әлеуметтік өмір жағдайына, қоғам дамуына тәуелді екенін қарастырды.

Ғалымдардың бірқатары баланың дамуындағы кідіріске, қоғамға бейімделуінің қиындығына себепші болып отыратын қалайсыз әлеуметтік – биологиялық факторларды анықтады.

Балалар мен жасөспірімдердің асоциалды мінез – құлық мәселесімен бірқатар қазақстандық педагог зерттеушілер жұмыс істеді (мысалы, В.П.Баженов, Р.А. Дебагян, А. Жұмабаев, К.А. Жүкенова, А.И. Қарабаева, Л.К. Керимов, В.П. Кривошеев, Л.В. Лысенко, И.Ф. Назаров, В.А. Парфенов, В.А. Грифонов, В.П. Шевченко, Э.И. Шнибекова, Г.А. Уманов).

Бұл зерттеушілер киын балалардың қиырлық сияқты жоғымсыз қасиеттерінің қалыптасуына әлеуметтік – педагогикалық факторлардың әсер ететіндігін зерттеді. Бастауыш мектеп оқушылар мен жасөспірімдердің асоциалды мінез – құлықтарын, спорт, өзіндік ж/с жеке жұмыстарды ұйымдастыру, мектепке деген ықыпалды күшейту, отбасындағы белсенділігі арттыру, ұжымдағы әрекеттерге балаларды қатыстыру арқылы жеңудің әр түрлі жолдарын көрсетті.

В.В.Трифонов зерттеулерінде «қиын оқушы» - анықтамасы – бұл күнделікті педагогикалық әсерге көне бермейтін, өзіне үнемі қосымша уақыт бөліп қарауды, мұғалімнің ерік – жігерін, күшін, қажырлы педагогикалық еңбегін қажетсінетін оқушы. Бұл шексіз (интегральное) ұғым, ол жеке адамның өзгеру құбылысын жинақтаушы. Осы категориядағы балалардың жалпыадамдық және өзге ешкімде қайталанбайтын қасиеттері, әлеуметтік ж/с биологиялық факторлардың ықпалымен қамтамасыз етіледі. Жоңа автор Л.С. Славина болды. Мұндай мінезге ол аффектілі жой-күйзелісі, қайғыру психологиялық ерекшелігін алды ж/с бұл саладағы балаларды екі топқа болды. Бірінші топ балаларының тәртіпсіздігінің себебі мінез – құлықтың дұрыс жоңдайда қалыптаспауы солдарынан, өте күшті эмоционалды қайғыру ж/с жой-күйзелісінен болады.

Л.С.Славина екінші жол балаларының тәртіпсіздігінің себебіне мінез – құлық еретелерімен санаслау, бұл еретелерді білмеу, өзінің мінезін көп жағдайда меңгермеуді жатқызады.

Бастауыш мектеп оқушыларының мінез – құлқындағы қиындық мәселесімен И.П.Воронаева, И.В.Козубская, В.Г. Сенько, Е.А. Сорофян, И.П. Трушина, т.б. айналысты. Олар мінез құлқында қиындығы бар жеке балалардың кейбір ерекшеліктерін анықтап көрсетті. Бастауыш мектеп жасындағы «қиындықпен тәрбиеленушілердің» негізгі себептерін айқындап, оларды жеңіп шығудың жолдарын көрсетті.

Қазіргі уақытта мінез – құлықтың бұзылу себебі түбегейлі түрде зерттелініп жаңа сипотқа ие болуда ж/с әлеуметтік – психологиялық ж/с

педагогикалық (М.А. Алемоскин, А.С.Белкин, Л.М. Зюбин, Д.З. Колесов, Г.П. Медведев, М.Ф. Мягков, Д.И.Фельдштейн ж/с т.б.), клиникалық (Г.А. Власова, В.Я.Гиндикин, О.В. Нербиков, Е.В. Ковалев, М.З. Певзнер, Г.Е. Сухарев т.б.) криминалогиялық (М.М.Бабаев, К. Е. Легошев, В.Н. Кудрявцев, Г.М. Миньковский ж/с т.б.) еспектіде қарастырылууп.

Орай болса мінез — қулықтағы қлындық бұл шексіз (интегративті) ұғым, педагогтік ж/с тәрбиелік әсерге қиындықпен көпетін, қайтоланбайтын психологиялық ерекшелік.

І. Өтпелі кезеңдегі күрделі әлеуметтік – экономикалық қиындықтар, нарықтық экономикалық қыспағы, көптеген отбасының әлеуметтік ахуалының күрт төмендеуі, ал жасөспірімдердің осыған байланысты мүлдем қараусыз дамуы, мектептен ата – аналық, қоғамдық орындар байланысының әлсіреуі, тәрбие мекемелерінің қысқаруы балаларды тәрбиелеу ісінде көптеген проблемаларды тудырады. Сондай – ақ теледидар арқылы берілетін батыстықфильмдер, бұзақылықты уағыздайтын видеокасеталар, кітап дүкендері сөрелеріндегі порнографиялық әдеби кітаптар жастар арасында жиі тәртіп бұзушылық, қылмыс жасауға қатынасу, ішімдік, темекі тарту, нашақорлық т. б. қылықтардың көбеюіне жол ашылып отыр. Жоғарыдағы аталып өткен мәселелер субъективтік жағдайлардың болуынан туындайды. Жекелеген оқушылардың қоғамда жат мінез – құлықтар көрсетуі және жұртшылықтың тәрбиежүргізу жұмыстарынан кеткен кемшіліктер екені белгілі.

Әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық зерттеулер нәтижесі, кәмілетке жасы толмаған, құқықтық тәртіпті бұзушылар, тәртібі төмен оқушылар тәрбиелеуге қиын балалар қатарына жатқызады. Олардың мінез – құлықтарында, жүріс – тұрыстарын жалқаулық қатыгездік, бастаған ісін аяғына дейін атқармау, әртүрлі қылмыстық жұмыстар жасау сияқты қылықтар кездесіп отырады. Қиын балалар қатарына психикалық дамуы уақытша баяулаған, тез ашуланшақ, уайымшыл, құлқынды кей кезде психологиялық әрекеттер кездесетін, кейде ашулары «қайнағанда» дәрі – дәрмек беру арқылы қозу күйін тежейтін балалар жатады.

2. Қиын оқушылардың пайда болуына себепті факторлар.

1) Отбасы тәрбиесінің дұрыс ұйымдастырылмауы, яғни тұрмыстағы ұрыс – талас, даужанжал, баланың табиғи психологиялық ерекшеліктерін ескермеу, ата – ананың біреуінің болмауы, т. б. Жағдайлар себепті болады.

2. Мектептегі тәрбие – оқу жұмыстарын ұйымдастыруда кеткен кемшіліктер, яғни жекелеген оқушылардың мінез – құлық ерекшеліктерін, ынта ықыласын, қызығушылығын мен талап – тілектерін ескермеушіліктен туындайды.

Қоғамдық ұйымдар мен жұртшылықпен жүргізілетін жұмыстың әсіресе, оқушылар тұратын микроаудандарда күрт төмендеуі. Қиын балалардың пайда болуына бірден – бір себепті болатын және жағымсыз жағдай туғызатын – отбасы тәрбиесі. Оның басшылары: баланың күнделікті жүріс – тұрыстарын қадағаламау; оның көзінше арақ – шарап ішу, дау – жанжал, ұрыс – керіс туғызу. Екіншіден, тәрбиенің көзі, баланыкиндіру, тамақтандыру, мұң – мұқтаждың камтамасыз етуідеп санаушылық.

Үшіншіден, жастайынан еңбектену әдет – дағдыларынқалыптастырмау, баланың жан дүниесіне көңіл аудармау, отбасындағы ажырау және жаңа адамның отбасы мүшесі болып етуіне себеп болады. Мысалы: зерттеулердің қорытындысы дәлелденгендей тәртібі нашарлаған оқушылардың көбі ата аналардың моральға жат қылықтарымен өз балаларына теріс әсерлер жасаған. Баланың тәрбиесіне кері әсер ететін келеңсіз жағдайларда (ұрыс – керіс, дау – жанжал), бірін – бірі сыйлау сияқты қасиеттердің сезбейтіндігі аян. Отбасындағы тәрбиеден кеткен кемшіліктер мектеп жағдайында одан да бетер немесе түсетіндігі айқын. Себебі мектептерде де, баланың жеке басын сыйламай, әкімшілік көрсете беру баршылық. Мектеп мұғалімдері мен қиын балалардың қарым – қатынастары ақыл айтумен, ұрысу, ар – ожданатыну тәрізді көбінесе педагогикалық жат әрекеттермен сипатталады. Мысалы, қазіргі зерттеуші социологтардың қорытындысы бойынша 80 пайыздан астам оқушылар өздері оқыған мектептеріне көңілдері қатты қалғандығын анықтайды. Жоғарғыларды қорыта келгенде, мұғалімдер мен қиын балалар арасындағы қарым-қатынастар жүйесіндегі кемшіліктерді шартты түрде үш топқа бөлуге болады:

1. Мораль белгілері мен заң нормаларының ұстамауға бейім оқушыларды алдын – ала айқындай алмау. Мұғалімдердің кейбіреулері оқушылық дара ерекшеліктеріне, адамгершілік тәрбиесіне нормасынан ауытқу себептеріне толық көңіл аудармайды. Мектеп басшылары, сынып жетекшілерімен басқа да педагогикалық ұғымның мүшелері тәрбие жұмыстарын жоспарлы түрде қадағалайды. Мектеп ұжымы мүшелерінің арасындағы қарым – қатынастардағы

кемшіліктердің болуы, балалардың бос уақытын нәтижелі ұйымдастырмау жұмыс барысына кері әсер етеді.

2. Қиын оқушылар мен тіл таба алмай, яғни жеке педагогикалық ықпалдар жасай алмаудан барып, педагогтік этикаға жатпайтын тәсілдерді – ұрысук, әрбір қылықтарын талдауға алу, орынсыз жазалау, қандай бір жөнсіз әрекеттер болсын оны сол балаға жабу, кемсіту т. б. әдістер қолданады.

3. Кейбір мұғалімдердің кәсіби деңгейлерінің төмен болуы және психологиялық тұрғыдан балалар мен жұмыс жүргізуге дайындығының жеткіліксіздігі тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру мен өткізуге әдістемелік шеберлігінің төмен болуы.

3. Қиын балалардың жұмыс істеудің негізгі шарттары:

1) Әрбір қиын баланы жан – жақты зерттеп, мінез – құлықтарының бағыт – бағдарын айқындау, оның ішіндегі адамгершілік типтегі қасиетін іріктеп алу.

2) Әрбір оқушының адамгершілік сынды тәжірибелердің құра біліп, соның негізінде тәртіпті, айналасындағы өмірге көзқарасты, ұжымдық қарым – қатынас дағдыларын қалыптастыруды ұйымдастыру.

3) Әрбір жеке тұлғаның ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне және творчестволық талап – тілектеріне орай, қабілеті мен икемдерін дамыту, қоғам жұмыстарына қатыстыру.

4) Кейбір қиын оқушылардың оқу – тәрбие процесінде ұжымдық өмір қарым – қатынастарында ұсқынсыз ауытқушылықтар болса, деп кезінде өол үшін беріп, одан сақтандыру, оны туғызатын әрекеттерді жою. Әңгімелеу оқу – тәрбие процесінде ең қажетті құралы. Оқушының жеке басына түскен жағдай, оны ортаға салуға болмайтындай болса, онда мұғалім тәжірибелі педагог баламен жеке сырласу арқылы көздерін жеткізеді.

Қиын балалармен тәрбие жұмыстарын жүргізу кезінде таланттар қойылуы қажет. Одан педагогикалық тәжірибелерге сүйене отырып, әрбір оның баланың бейім қабілетіне, мінез – құлқына сай онды шығармашылық қасиеттерін ұйымдастырып отыру қажет. Қиын балалармен жұмыс істеудің тағы бір әдісі – олардың, көшен, жолдастарымен жағымсыз байланыстарын үду. Осы әдісті іс

жүзіне асырудың бірнеше жолдары бар. Соның бірі тұрақты мектебін ауыстыру, мектебін алмастыру, Сондай – ақ ата – ана, мектеп инспекция қызметкерлерінің күшін біріктіре отырып, көшенің жолдастарының теріс ықпалдарынан бөліп әкету қажет. Сонымен бірге қиын баланы тәрбиелеуде моральдық тұрғыдан әсері әрекет ету.

Сонымен бірге қиын баланы тәрбиелеуде моральдық тұрғыдан әсерлі әрекет ету. Қиын баланың әрбір теріс қылығын, істерін, тәртіпсіздігін т. б. Оқушының арына тигізбей айыптаса, бұл істер өз нәтижесін береді.

Тағы бір әдіс – қиын баланың бағдарын, мақсаты мен міндетін қайта құру. Бұл әдістің құндылық мәні – оқушы қателігін түсіну өзін - өзі тәрбиелеудің бағдарламасына қолма береді. Мектептегі нерв жүйесі нашарлаған қиын балалармен тәрбие жұмысын жүргізу көптеген қиындықтар туғызады. Өйткені, әрбір оқушының өзіндік ерекшеліктері мен қатар, сырқаттарына байланысты өзгешіліктері бар. Ескеретін мәселелердің, бірі қиын оқушыларды тәрбиелеу процесіндегі әдістік – тәсілдерді әдістемелік жағынан қолданудағы тәрбиелеу жүйесінің кезеңдері:

- дайындық кезеңі;
- қиын баланың тәртібінің төмендеуіне себепті болған жағдайларда анықтау;
- екінші кезең – қиын оқушылар мен көш жора – жолдастары арасындағы байланыстырудың дәрежесін тереңдігін анықтау.

Үшінші кезең өзгеріс кезеңі. Көптеген қиын оқушылардың ішкі жан дүниесінде өзгерістер тұл бастайды. Жеткіншіліктердің мінезіндегі теріс қылықтар, әдет дағдылар мен қалыптаса бастаған жаңа адамгершілікті сапалардың арасында күрес басталады.

Соңғы кезең бекіту кезеңі, ірбір қиын оқушы мінез құлқындағы адамгершілік мәнді өзгерістер болған сайын, өзін - өзі тәрбиелеуге талаптанып, оңды қасиеттерді дамытады. Қиын балаларды қайта тәрбиелеу, алдын ала олармен бірге атқарылатын іс шараларын мектеп ұжымдар мен жұртшылық нақты анықтап, оларды дұрыс жолға түсіндіре отырып, аяқтай күрес жүргізулері керек.

1.1 МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНДА ҚИЫНДЫҒЫ БАР ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖЕКЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРҒА СЕБЕПШІ БОЛАТЫН ФАКТОРЛАР

Әдеби материалдардың, қатарында мінез-құлық ерекшеліктері және жеке ерекшеліктер мен өзгешеліктер арасындағы байланыстар байқалады. Осындай ерекшеліктердің дұрыс құрылмауы және теріс жеке қасиеттің бар болуы мінез-құлықтағы қиындықтардың тууына әкеп соғады.

В.Г. Степанов, В.А. Крутецкий мінез-құлықтағы қиындық мәселесін қарастыра келе оқушыларды екі қатарға (категория) бөледі.

Бірінші қатарға адамгершілік дамуында және мінез-құлықта, шамамен алғанда өте үлкен емес ауытқушылықтары бар оқушыларды жатқызады, олар – тәртіпсіз, жалқау, қыныр, дөрекі, өтірікші балалар. Мінез-құлықтың тәртіптілігі және тәртіпті емес белгілері бөлініп қарастырылады. Тәртіптілікті мынадай - қалыптасқан тәртіпті қатам сақтау берілген тапсырманы тез және нақты орындауға тырысу, өзіне және басқаларға деген жоғары талап қоюшылық, киіміндегі тазалық, және жинақылық сияқты және т.б. көрсеткіштерден айқындайды. Тәртіпті емес мінез-құлықты осыған қарама-қарсы көрсеткіштерден: жұмыстан жалтарып кетуге тырысу, берілген тапсырманы орындамау, адал еместік, өзінің жеке қызығушылықтарын достарының арасында жүзеге асыруға тырысу, үнемі тәртіпті бұзуынан т.б. байқалады.

Екінші қатарға жеке акцентуациясына және мінез-құлықта қиындығы бар балаларды жатқызады. Мінез акцентуациясы - бұл жеке бітімдегі аса күшейген, мөлшердің ең ақырғы түрі. Сондықтан психогендік ықпалдарға жататын белгілі қатардың кейбір осалдығы білінеді. Олар психогендік бұзылудың (расстройствo) дамуы үшін сендірілген факторлардың (еткір жан күйзелісі реакциясы, жүйкенің ауруы (невроз), психопатиялық даму, реактивті жынданып ауру (психоз), мінез-құлықтың патологиялық бұзылуына себепші болған жағдайлар және т.б. салдары болып табылады. Жеткіншек жастағы балаларға жүргізілген жеке құрылымдағы зерттеулер (Лучко А.Е., Леонгард К.) бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың жеке ерекшеліктерін талдауы (разработка) үшін негізгі қызмет атқарады. Бастауыш мектеп жасындағы балалардың, жеке қасиеттерінің жіктелуі (типология) Э.М.Александровскаяның (1985 ж., 1987 ж.) жұмыстарында талданды. Ғалым акцентуацияның 7 түрін (тип) қарастырады: үйлесімді (гармоничный), алсуметті-болжалды (конформды), үстемді (доминирующий), әсерленгіш, қауіп-қатерлі, интровертивті, инфальтипті.

Үйлесімді типтегі балалар барлық жеке қасиеттері қалыптасқандығымен сипатталады, олардың қиналыс және қауіп-қатерлік сияқты психологиялық факторлары іс жүзінде қалыс қалады. Олар интеллектін жоғары деңгейіне ие болады, көпшіл, өзіне сенімді, орындалатын жұмысқа адал ниетпен кіріседі, өзінің мінез-құلقىна ойдағыдай баға береді. Жеке құрылымындағы барлық тұрақтылықта үйлесімді типтегі балалардың ішінен жоғары деңгейдегі қозғыштық, моторлық белсенділігімені айқындалатын ерекше топты бөлу

керек.

Әлеуметті-болжалды (конформ) типіне жататын балалар үйлесімді тип сияқты жекеліктің тұрақты құрылысына ие болады, бірақ оларда жағдайға байланысты өте күшті тәуелділік, өзін қоршаған ортамен сәйкестендіруге тырысушылық дұрыс мінез-құлық мөлшерін сақтап, іс әрекет жасауға деген қажеттіліктері өзгешелендіреді. Бұлар ыждаһатты, адал, мектеп мотивациясының жоғары деңгейіне қоя болған балалар. Сынып ұжымындағы төменгі әлеуметтік жағдай (статус) олар үшін бейімделуді жоққа шығарушылықтың (дезадаптация) себебі болып құрылады. Әлеуметті-болжалды типіне жататын балаларда әлеуметті-педагогикалық қараусыз қалуға байланысты, сөздік (вербальді) интеллектісінің дамуы азап шегеді, олардың жанұя тәрбиесінің кемшілігін көріп отыратындықтан мәдени дамуы кідіріске ұшырайды.

Үстемді типіндегі балалардың айрықша ерекшелігі болып дербестік, тәуелсіздік өзін-өзі сендіруге деген тырысушылық табылады. Олар өздеріне өте сенімді, тәуекел жасауға бейім тұрады және әлеуметтік бағылдылыққа ие болады. Мұндай балалардың жоғары белсенділіктері өзін-өзі бақылауының төмендегіне сәйкес келеді, оларда мінез-құлықтың мөлшері және ережесін орындауға байланысты бейімделудің қиындығы туады. Бұл типтің 2 түрі (вариант) бар:

1) қарым-қатынаста белсенділігімен ерекшеленетін, топтағы басшылыққа биімділігімен айрықшаланатын балалар;

2) интровертті келбет көрсететін, өзіндік маңыздылыққа және өздеріне қажет болып саналатын әрекет түріне басшалақ позициясын қолануға тырысатын балалар.

Әсерленгіш типтегі балалар жасқаншақ және ұялшақ, бірақ та оларда бұрыннан араласып жүрген балаларымен тұрақты достық байланыстары орнайды. Негізгі қасиеттеріне жоғары әсерленгіштік, аяушылық жатады, олар қоршаған ортадағы болатын түрлі көріністерге қатты әсерленеді.

Бұл типтегі балалар үшін қарым-қатынаста эмоционалдық жылылықтың болмауы, ересектік, өздеріне маңызды болып саналатын, ұғымдары, принциптеріне басқалардың күлуі психотравмды болып табылады.

Қауіп-қатерлі типтегі балаларға жоғары эмоционалдық тұрықсыздық, тым мазасыздану, қауіп-қатерлік, төменгі стресстік-тұрақтылық тән. Бұлар әлбетте үлкен қозғыштығымен, жоғары жауапкершілігімен, адал ниетілігімен. Жанының зақымдануы (психотравмирующий) мектептегі сәтсіздіктерге, көбінесе ортадағы адамдармен өзара қатынастарға байланысты болып жатады.

Интровертивті типтегі оқушылардың ерекшеліктері болып танымдық әрекеттерге бағыттылығы табылады. Олардан жоғары деңгейдегі ақыл-ойлылықты (интеллект) байқауға болады, бірақ бұлар тұйық, жанасымы кем (малообщительный) балалар. Олар үшін біреулермен байламысқа түсу (контакт) қиындық тудырады, ұжымдық түрдегі жұмыстар әсер етеді, сондықтан топқа үнемі жоғары әсерленгіштік, зорланушылық, әлеуметтік жасқаншақтық, өзіне сенімсіздікті көрсетеді. Бұл типі екі шағын топқа бөлуге болады:

1)енжар балалар, олар үшін ынтасыздық, алаңғасарлық, қоршаған адамдардан аулактануға жағдай жасау тән;

2)белсенді балалар, олар үшін жоғары әсерлемгіштік аффектілік, кейде мінез-құлықтың афессивтік түрі тән.

Инфатилді (дене мүшелерінің жетілмеуі) типтегі балалардан эмоционалды-еріктік сфералары жетілмегендік, өзіндік шешім қабылдауғы сезім дәрменсіздігі, қорғансыздығы көрінеді. Балалар өзіне деген сынаушылықпен сипатталады, ал басқа жактан - қоршаған әлеуметке жоғары талап қоюшылық өзін күту, жоғары психикалық зорлануды талап ететін жағдайларда тез шаршайтындығын коруге болады

Жеке-даралықты қалыптастырушы тип мінез-құлықтың реакциясына, одан әрі тым тұрақты мінез-құлыққа себепші болатыны анықталынған.

Баланың қалыпты бейімделуіне бөгет болатын жеке-даралық ерекшеліктер әр түрлі және әлеуметтік мінез-құлықтың түрін (модус) анықтайтын интегративті білім "өмір сүреді". Мұндай білімнің қатарынан өзіндік бағалау және талаптау деңгейі де орын алады бұлардың ой дәрежесіне тең болмай, артып кетуінде балалар ештеңеге қарамай басшы болуға талпынады, әр түрлі қиындықтарды мойында-майды және агрессивті түрде сезінеді, үлкендердің қоятын талаптарына қарсы шығады. өзінің шамасыздығын білдіруі мүмкін әрекетті орындаудан бас тартады. Мұндай көрсеткіштің негізінде талаптану мен өзіне сенбеушіліктің арасындағы ішкі дау-жанжал (конфликт) жатыр. Әсіресе көп жағдайда мұндай қайғырулар бала үшін үлкен мағына беретін аймақта, оның талаптануы қанағаттандырылмағанда туады.

Қанағаттандырылмаған талаптану теріс аффектілі қайғыруды тек осы талаптанумен және баланың мынадай қабілеттілігімен, сондағы оның қанағаттануын қамтамасыз ету жағдайы арасындағы қайшылық туғанда ғана шақырады. Өзінің талаптануын қанағаттандырудың мәнінде мүмкін болмаған жағдайда баланы ол әрдайым табысқа жетпеу бравар емес реакциясы туады: ол табысқа жетпедінің тура шындығын жоққа шығарады немесе оны сәйкес келмейтін болмыс себептермен түсіндіреді. Баладағы барабар емес реакциясы өз ретінде қоршаған адамдардың жауап беру әрекеттерін шақырады, ол баланың эффектiлi қайғыруын одан сайын күшейте түседі.

Біршама қиын мәселелер өзіндік бағасы томен балалардан да туады: олардың мінез-құлықтары батылсыздығымен, өзіндегі күшке өте сенімсіз қарауымен, біреуге бағыныштылық сезімін қалыптастырумен, ынтасының (инициатива) дамуын және өз бетінше пікір айту мен әрекет жасауды тежеп тастауымен ерекшеленеді.

Балалардың мінез-құлықтарымың ауытқуына әр түрлі факторлар себепші болуы мүмкін.

Мінез-құлықтағы қиындықтың бір себебі болып бастауыш мектеп жасындағы балалардың психикалық дамуының бұзылуы табылады. М.С.Выготскийдің ақаулықтың (дефект) жүйелік құрылысы жоніндегі ой желісі бойынша, негізгі жетіспеушілік үнемі баланың мінез-құлқында, оның әлеуметтік позициясының төмендеуі сияқты іске асады.

Жанұяның сәтсіз болуы мінез-құлықтағы қиындықтың тууына себепші

болып жатады. Жанұядағы ырың-жырың - бала тәрбиесіндегі өзара келіспеушілік, орынсыз кикілжің, маскүнемдік, мінез сәйкессіздігі. Осындай қолайсыз жағдайлар, яғни жанұялық ахуалдың бұзылуы бала тәрбиесіне өте зиянды әсер етеді және де үлкен психикалық дискомфорттыққа алып келеді.

Мінез-құлықтағы және бала дамуында әр түрлі ауытқушылықтың пайда болуының жоғары қауіп-қатерлі факторы болып перебральді-органикалық кемшілік табылады, бұл баланың бас миына негативті биологиялық әсер ету нәтижесінде, әсіресе онтогенездің ерте шағында қалыптасады. Генезде психикалық дамудың бұзылуының негізгі орнын маскүнемдік алады, әсіресе баланың ақыл-ой сферасына және қасиеттерінің қалыптасуына, сондай-ақ әлеуметтік мінезіне биологиялық және бір мезетте әлеуметтік қарсы ықпал көрсететін аналар маскүнемдігі кен орын алады.

Бала көп жағдайларда өзін дұрыс ұстамайды, ол оның тәрбиесіздігінен, қажетті позитивті білімнің, дағдысының, ақылының қалыс қалуынан, мінез-құлықтың негативті таптауырын (стереотип) қалыптасынан, қараусыз қалу, қоршаған ортаның теріс ықпалынан соның нәтижесінде әлеуметтік-психологиялық дезадаптациясының дамуынан көрінеді.

Бастауыш мектеп жасындағы балалардың мінез-құлығындағы қиындықтарының ерекшеліктері туралы жалғыс айтсақ, төмендегідей белгілеуге болады: өмірлік позициялық мінездемесінде адамдарға деген сыйламаушылық, селқостық қатынастар сақталады және өзінің жасаған теріс қылығына күйіну, өзімшілдік (эгоизм), немқұрайдылық өзіне сын көзбен қарамау, жоғарғы өзіндік бағалау (самооценка) және күшіне күмән келтіру; үлкен болуға талпыну және кейбір қызығушылықтарындағы балалық, көптеген іс-қылықтарындағы бетпақтық (наглость), сынып ұжымындағы (мектеп) құрбыларымен қатынасындағы мейірімсіздік, қаттылық және формальды емес топтарға жағымпаздану байқалады.

Мінез-құлығында қиындығы бар оқушылардың басым көпшілігі үшін рухани қажеттіліктері мен қызығушылықтарының кедейлігі, арынды талаптанудың басымдығы, оларды қанағаттандырудың адамгершілікке жат мінез-құлықтық (аморальное) тәсілдері тән.

Бұл балаларда танымдық және эстетикалық қызығушылықтар өте төмен деңгейде көрінеді. Мінез-құлқында қиындығы бар балалардың 25 қызығушылық жоқ және білімнің өмірде алатын орнына мән беріп қарамайды, борыш сезімі дамымаған, мотивациялық сферасы киналады, жалқаулығы басқарады.

Мінез-құлқында ауытқуы бар бастауыш мектеп жасындағы оқушылар үшін танымдық қабілеттерінің дамуының қалыс қалғандығы тән. Зейіні тұрақсыз, тез әлсірейді, есі машықтанбаған өте әлсіз, бірақ қызығушылық туғызған хабарлар есінже мықтап сақталады. Қиялы не кедей, не фантазияны тоқтаусыз іздеуінен көрінеді. Ойлауы аз көзғалысты, жанылысты, абстракция жасауда қабілетінің әлсіздегі байқалады. Сөйлеу жақсы дамымаған, жарондық сөздермен былғанған. Ерік-жігері тындап алынуымен сипатталады: тәртіпсіздік жасаған кезде сирек кездесетін төзімділігін, қайсарлығын байқатады, ал жағымды әрекет жасағанда қажырсыздығын, жасықтығын

көрсетеді. Қиын балалар көп жағдайда істелген іске дұрыс баға жатса да, олар болашақ туралы ойланбайды.

Эмоционалды сферасында келетін болсақ, мінез-құлқында қиындығы бар көптеген балалар үшін жоғары деңгейдегі эмоционалды қозғыштық тән екенін көруге болады. Мінез-құлқында айтарлықтай ауытқуы бар балаларда тежелуге деген қабілеттілігі өте әлсіз дамыған, сондықтан аға-аналар, мұғалімдердің қоятын талаптарына көп ретте қарсы шығып, дау-жанжал тудырады.

Мінез-құлқында қиындығы бар балалардың арасында соматикалық және жүйке-психикалық ауруларымен қасірет шегетін, физикалық дамуында ауытқуы бар балалар да аз емес. Бұның себептері тұмыстағы аномалиядан, сол сияқты бала өміріндегі дұрыс емес режимдерден, шылым шегуге, ішімдікке ерте бастан кірісуден, жанұя өмірінің сәтсіздігінен, тәрбиедегі қателіктен көрінеді.

Олай болса, мінез-құлқында қиындығы бар бастауыш мектеп жасындағы балалардың жеке-даралық ерекшеліктері өте әр түрлі, бірақ баланың әлеуметтік мінез түрін (модус) анықтайтын, интегративті жеке білімдер бар. Осындай білімнің қатарынан өзіндік бағалау мен талаптану деңгейі табылады. Мінез-құлықтың қиындығына себепші болатын негізгі факторлар айқындалады. Бұл ретте үлкен орынды әлеуметтік-биологиялық және психопедагогикалық факторлар иеленеді.

42 Қазіргі педагогика ілімінің ең күрделі мәселелерінің бірі - жеткіншектер арасындағы тәртіп бұзушылық пен қылмыс жасаушылық.

Қоғамға жат осындай қылықтар кейінгі 20-25 жыл аралығында психологтар мен тәрбиеші-педагогтардың зерттеулерінің негізгі объектісі болып отыр. Мысалы, американдық психолог Сирил Берт «Жасы толмаған заң бұзушы» атты монографиясында тәртіп бұзушыларды үш топқа бөледі:

- 1) Кемістер (дефективные);
- 2) Ақыл-есі кемістер, жарым естілер;
- 3) Әлеуметтік тәрбиеден тыс, өз бетімен кеткендер.

Осы теорияға сүйене отырып С.Берт жасы толмаған заң бұзушыларды екінші, яғни, ақыл-есі кемістер, жарым естілер тобына жатқызады. Оның тұжырымы бойынша, 10 жасар заң бұзушының ақылесі 8 жасар баланың даму кезеңіне дәл келеді. Ал үшінші топқа жатқызатын «қиын» балаларды сабақтан үлгірмеушілер деп есептейді.

Американ зерттеушісі Хьюиттің заң бұзушы "қиын" жасөспірімдерді түрлі топқа бөлуі де О.Берттің пікірімен үндесетіндей. Ол былай дейді: бірінші топ - жүйкесі тозған балалар. Бұларды заң бұзуға ынталандыратын "күш" – жүйке жүйесінің шамадан тыс толқуы. Екінші топ - әлеуметтік жағынан өз бетімен кеткендер, бұл заң бұзушылар - өз күпәсін мойындамаушылар, арсыздар. Үшінші топтағылардың бұзақылық жолға түсуіне себепші - олардың ортасы, яғни әлеуметтік жайт.

Ал, американдық жангер А.Бэндура жоғарыдағы екі психолог тұжырымымен келісе отырып, барлық жас заң бұзушыларды негізгі екі түрге жатқызады:

1. әлеуметтік ортаға бағынбайтын, қастандық жасауға бейім, жеке жүретін жасөспірімдер;
2. топтасып қылмыс жасауға бейім тұратындар.

Қазіргі «тәрбиесі қиын» балаларды зерттеуші АҚШ, Англия, Германия педагогтары «қылмыскер балалардың келешегіне тұтқа болатын факторлар, алдымен психобиологиялық қалып, ал әлеуметтік жағдай екінші орында» деген тоқтамға келіп отыр.

Аталмыш болжамдарды дәлелдеу мақсатын ниет Америкада шығатын апталық "Ньюсуик" журналы: «Буффало қаласының неврофизиологтары 60 заң бұзушы жасөспірімдерге зерттеу жасағанда, олардың бас миының жеке бөлімдерінде "жағымсыз толқындар" бар екенін дәлелдеді", - деп жазады.

Жасөспірімдерді қылмыс жасауға итермелейтін күштің тұқым қуалаушылық арқылы берілетіндігін американдық зерттеуші Уильям Шелдон өзінше тұжырымдайды: "қылмыс жасаушы жасөспірімдерге тән ерекшелік, олар өте қарулы, жойқын күш иесі - "месоморф", бұл белгілер балаға ата-анасынан берілетін тұма қасиеттер".

Педагогикада жеке бас әрекетіне тән биологиялық және әлеуметтік әсерлердің болатынын бекерге шығаруға болмайды. Тек әзірге өкініштісі, бұл құбылысты математикалық дәлдікпен өлшепөмішу мүмкін емес. Дегенмен биологиялық және әлеуметтік факторлар арасында диалектикалық байланыстың бар екендігі және оның адам табиғатына ықпал ететін күштердің бірі екендігі хақ. Сондықтан да мұғалімдер мен тәрбиешілер үшін өз іс-әрекеттерін балалардың әрқайсысын жүйелі,

тыңғылықты түрде зерттеп, оларда байқалатын темпераменттің белгілерін есепке алу - негізгі шарттардың бірі болғаны жөн.

Ғылыми деректерге сүйенер болсақ, жасөспірімнің жүйке жүйесі үнемі қалыптасу кезеңін бастан кешіреді, іс-әрекеттері тұрақсыз, қимыл-қозғалыстары ебедейсіз, өзін - өзі басқаруға дәрменсіз бон келеді. Олар екінші хабар жүйесінсн салмағын анықтай алмайды, яғни сөздің мағынасы мен мәніне ден қоя бермейді,

Педагогикада мұндай оқушыларды «тәрбиесі қиын» балалар санатына жатқызу әдеті бар. Рас, кебір баларда кездесетін өзін - өзі тежей алмау, оқиғаға мән беріп таразыламау сияқты қасиеттер қылмысқа ұрындырып жүр. Бірақ, мұндайда ересектер жасөспірімдерге деген ақыл – кеңесін кұрғак өсиетпен шектемей, өздерінің нақты қамқорлығын бұлтартпайтын өнегелі іс - әрекеттері арқылы да көрсете білсе – нағыз ұлағаттылық сол.

Жасөспірімдердің эмоциялық қал-пында тітіркенудің тежелуден басым болатынын ескерсек, ұйымдастырылатын тәрбиелік мәнді жұмыстарды жан-жақты ойластырын, баланың қалыптасуына оң әсер ететіндей алдын-ала жоспарлан, жүйелей білген жөн. Себебі, жасөспірімдер таранынан байқалатын қылмысқа барудың белгісі ғана бар да, ешқандай мазмұны жоқ деуге әбден болады. Мұны біздердің зерттеу барысында байқаған дәлелдеріміз көрсетін отыр.

Тәрбиешілер ескерер тағы бір жайт, жасөспірімнің дене мүшелерінде жетілу, даму барысындағы өзгерістер, олардың байқамай "ерлік" жасауына алып барады: мысалы, зорлау, ретсіз күін көрсету, басканың көзіне түсуді максат түту. Мұндай құбылыстарға кейде жыныс ағзалары жетілуінің мидың қызметіне әсер етуі де себепкер болады. Жыныс тәрбиесін тек отбасында ғана емес, мектептегі тәрбие өзегіне айналдыруға мемлекеттік деңгейде әлі де көбірек қолдау көрсетілуі шарт. Мектептегі психологиялық қызмет белгісіз себептерге байланысты кейінгі уақытта мектеп бағдарламасынан орынсыз шығып қалды, бұл біздің пікірімізші, орны толмас қателік, мұны қайта қарау қазіргі жаңа білім мазмұны туралы талқылауда жүрген құжатта өз орнын алу керек. Себебі, қазір басқа заман, ерекше мәнді басқа дәуір. Бүгігі таңда қоғам да, оның мүшелері – адам да серпелісіс үстінде. Сондықтан, балабақшадағы сәбилерден бастап, алдағы ел иесі – жеткіншек тәрбиесінің бекем болуы елдің елдігіне сын.

алмаушылық. Кейбір оқушы қатар-кұрбыларынан сабақта артта қалып қойып, тәртіп бұзуын өзінше батырлық деп есептейді. Мұны өзгелердің көзінше көрсеткісі келеді. Бұл мінез көбіне менменсуден, бала мінезінің дұрыс тәрбиеленбеуінен болады. Бірақ осылай болған жағдайда да, тәртіпсіздікті баланың бойына біржолата сіңіп кеткен әдет деп, барлық себепті содан іздестіруге болмайды. Өйткені тәртіп бұзу баланың тек өзіне байланысты емес, оның үй ішіндегі жағдайларға да, айталық ата-ана бірлігінің жоқтығына және баласына қойған талаптың әр түрлі болып келуіне байланысты.

Бала үнемі жақсы психологиялық жағдайда тәрбиеленуі, оқуы, өсуі қажет. Сонда балада жағымды «мен» бейнесі қалыптасады, өзіне деген сенілуілігі, өзіндік сезімі туады. Мұндай «мен» бейнесі кез-келген баланың жақсы жағдайда нәтижеге жетуіне, дұрыс дамуына мүмкіндік береді.

Ұжымдағы жағымды позициядан қалыс қалу оларды теріс мінез-құлыққа, айналасындағы адамдармен, әсіресе бірге оқитын құрбы-құрдастарымен дұрыс қарым-қатынас жасауына кедергі келтіреді.

«Қиын балалар, мінез-құлықтағы қиындық» ұғымнан басқа, «Қиындықпен тәрбиелену» ұғымы да кеңінен қолданылады.

«Қиындықпен тәрбиелену» термині тәрбиеленушінің педагогикалық әсерге қарсылығын және оны түсінгісі келмейтінін бейнелейді. Бұл қарсылықтың басты себебі – көп жағдайда және тұлғаның қалыпты дамудан қалыс қалуынан болады. Осыдан мінездегі жаман қылықтар туады.

«Қиындықпен тәрбиелену» - баланың теріс мінез-құлқы, дау-жанжал. Кейде бұл қайшылық табиғи түрде, тек бір-бірін түсінбеуден шығатын дау-жанжал екенін айтуға болады. Ал мұндай дау кейде онша қауіпті емес және ол қиындықсыз жайылуы мүмкін.

«Қиындықпен тәрбиелену» мәселесі Г.А. Фортунатовтың (1935 ж.) еңбектерінде зерттелген. Өзінің зерттеулерінде «қиын бала» ұғымына былайша түсінік беріп, оларға үлгірмеушілер мен тәрбие ықпалына көнбейтін балаларды жатқызады.

«Қиын балаларға» ол психикалық бұзылудан жаңа шеккендерді жатқызады.

Г.А. Фортунатов қиын балаларға тек анықтама беріп қана қоймай, ондай балалардың пайда болуының себептерін түсіндіреді және осындай себептің екі тобын табады.

Бірінші топқа ол ескінің әсерін, ал екіншіге оларды киналтатын ішкі дау-жанжалдарды жатқызады. Дау-жанжалдардың тууы негізінде балаларда көбінесе мынадай мінез бітістері: козушылық, ұстамсыздық, кейде ақылға сыймайтын қасарғыштық, кекшілдік, мейірімсіздік т.б. пайда болады.

«Қиын балалар» намысқой келеді, олар бір нәрсеге өзінің жарамсыз екенін сезіп тұрады және сол себептен қиянат жасауға физикалық күшін жұмсап, «маған бәрі жоғарыдан төмен қарайды, мені адам екен деп санамайды, мен оларға көрсетемін», - деп саналы түрде ой тұжырымдап өзі-өзі сендіреді.

Ұзақ мерзімді дау жанжал баланы қиын атандырып ғана қоймайды, сонымен бірге оның жүйке-жүйесінің бұзулуына себепші болуы мүмкін (психоневроз). Балаларды ішкі дау-жанжалдың ықпалынан сыртқы дүниеге, қоршаған ортаға деген сенімсіз, тіпті жауластық сияқты қатынастар пайда болады.

Л.С. Выготский, «Қиындықпен тәрбиеленумен» күресудің нақты жолын анықтап берді. Өзінің «Қиын балалық шақтың педагогикалық клиникасы және дамудың диагностикасы» (1936) еңбегінде ол былай жазады: «Жеке адамның күйзелісімен күресу, оның себептерін жою жолымен ғана емес, сонымен бірге адамды жөнге салудың белсенді жолымен, білім бірлігімен, дамуына жағдай жасау арқылы» да нәтижеге жетуге болады.

Л.С. Выготский жеке адам тәрбиесі психологиясының маңызды бір мәселесі аффектілігі – қажеттілік ортасымен саналық байланысын көтерді. Соғыстан кейінгі жылдарда қиындықпен тәрбиеленушілердің әлеуметтік мәселеріне үлкен көңіл бөлінді, ал 1950-60 ж. олардың шығу себептерін, мінез-

құлықтағы танқаларлық ауытқушылықтарды, жеке адам дамуының динамикасымен байланысын терең зерттей бастады.

1950-70 ж. зерттеушілер негізгі зейіндерін «Қиындықпен тәрбиеленетін» балалар мен жасөспірімдерге себепші болатын әлеуметтік-психологиялық және психо-педагогикалық факторларға бөлді.

1970-80 ж. «Қиындықпен тәрбиелену» мәселесі отандық ғалымда жан-жақты зерттелгеніне куә боламыз.

Мінез-құлықтың ауытқушылығы (тәртіпсіздігі) мәселесіне ең алғаш көңіл бөліп қараған жаңа автор Л.С. Славина болды. Мұндай мінезге ол аффектілі алды және бұл саладағы балаларды екі топқа бөлді.

Бірінші топ балаларының тәртіпсіздігінің себебіне мінез-құлық ережелерімен санаспау, бұл ережелерді білмеу, өзінің мінезін көп жағдайда менгермеуді жатқызады. Бастауыш мектеп оқушыларының мінез-құлындағы қиындық мәселесімен М.П. Воронаева, И.В. Козубская, В.Г. Сенько, Е.А. Сорофян, И.П. Трушина т.б. айналысты. Олар мінез-құлында қиындығы бар жеке балалардың кейбір ерекшеліктерін анықтап көрсетті.

Қазіргі уақытта мінез-құлықтың бұзылу себебі түбегейлі түрде зерттеліп жана сипатқа ие болуға және әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық (М.А. Алемоскин, А.С. Белкин, Л.И. Зюбин, Д.В. Колесов, Г.П. Медведев, М.Ф. Мягков, Д.И. Фельдштейн және т.б.), клиникалық (Г.А. Власова, В.Я. Гиндикин, О.В. Кербиков, В.В. Ковалев, М.З. Певзнер, Г.Я. Сухарев т.б.) криминологиялық (М.М. Миньковский және т.б.) аспектіде қарастырылуда.

Олай болса мінез-құлықтағы қиындық бұл шексіз (интегративті) ұғым, педагогтік және тәрбиелік әсерге қиындықпен көнетін, қайталанбайтын психологиялық ерекшелік.

Қиындықтар түрлері

№	Мінез-кұлқындағы қиындықтардың түрлері	Зерттеген психологтар	Мінез-кұлқындағы қиындықтардың пайда болу себептері
1.	Эмоциялық өріс (сезім әрекетіне бой алдырғыш); ашуланшақ, долы, өкпелегіш, өзіне-өзінің көңілі толмаушылық, жылауық, т.б.	Е.Е.Кравцова, А.А.Нурахунсова, В.В.Степанова.	Отбасының әлеуметтік тұрмысына байланысты: (толық емес отбасы, жағдайы жоқ отбасы, т.б.)
2.	Еріктік өріс (ашушан, қыңыр, сенімсіздік, қызғыншақтық, өтірік айту, өзімшілдік, т.б.)	А.В.Запарожец, Л.С.Выготский, т.б.	Жеке тұлғаның дамуында психологиялық бір ізді жүйенің болмауынан
3.	Танымдық өрісінің бұзылуы. Бала дамуындағы өнімсіз әрекеттер, дұрыс ойлай алмауы, т.б.	Л.С.Выготский, Л.В.Занков, А.Н.Леонтьев, Л.А.Венгер	Психологиялық заңдылықтар бойынша жеке тұлғаның бойындағы қабілеттіктерді байқап, дамыта алмаушылық.

4 – сыныпқа карай мектеп мотивациясының төмендеу тенденциясы байқалады.

Мінез-кұлқы киын балалармен жұмыс істеу барысында олардың психологиялық ерекшеліктеріне есепке алып отыру керек.

Конформды түрге жататын балаларға қайырымдылық, жақсылық жасалынатын, қатынастар, олардың адалдық және ынталықтарын мадақтап, дем беретін қолайлы орта болуы қажет.

Мазасыз түрге жататын балалар тыныш, қайырымды жағдайда қажетсінеді. Мұндай балалардың денсаулығына қатты көңіл бөлінгені абзал.

Мұғалімдер мен тәрбиешілер, әсіресе интровертивті түрге жататын балалардың жеке ерекшеліктерін есепке алуы шарт, олардың ақыл-ой функцияларын дамытуға әрекеттенуі, бұл балалармен адамгершілік және әлеуметтік мөлшерде меңгертуге қабілеттендіру, өз құрбы-құрдастарымен өзара қатынастарын «жақсартуға» көмек қолын тигізуі керек.

Инфантилді түрге жататын балалардың тұрақты оқуға деген қызынушылығын, мотивациясы мен дағдысын кеңейту, белсенді ойлау әрекеттері мен ойын әрекеттеріне еліктіру, қызығушылықтарын арттыру, дербестікке ынталандыруды қалыптастыру қажет.

Өзін-өзі бағалау ең алдымен жеке тұлғаның әрекеті арқылы қалыптасады. Бірақ бағаны әрдайым айналадағы адамдар береді. Өзіне деген сенімі өзгелердің пікірі арқылы қалыптасады. Егер айналасындағы адамдар балаға үнемі дұрыс қарым-қатынас жасаса, онда ол өзін – осы сыйластыққа лайық екенмін деп санайды, ал егер керісінше, оның жасаған істерінің кемшіліктерін бетіне басып, ұрсып, жаратпай жатса, оған өзіме лайық емеспін дегеннен басқа түк қалмайды. Және бұл жағдайда баланың реакциясы әр түрлі (апатия, цинизм (арсыздық), агрессия т.б.) болады.

Зарттеулерге карағанда, тәртіп бұзуға ең бірінші түрткі болған оқиға баланы тікелей тәртіпсіздікке әкелмейді, әуелі қайғыға ұшыратады да, ол қайғы баланы ашуланшақтыққа әкеледі. Міне, тәртіп бұзу содан пайда болады. Тәртіп бұзушылықтың салдарының негізі – сабакка үлгере

Жасөспірімдердің мінез-құлқындағы ауытқушылықтың сипаты

№	Акцентуация ның типі	Негізгі белгілері	Сапалы касиеттері	Деэдагтанациян ың формалары	Ұшықтыратын факторлар	Ұсыныстар	Назар аударатын жасөспірім дерге психология лық жағтығулар
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Гипертимная (приподня- тос настроение, повышенная активность) Гипертимді (шектен тыс көңілділік, белсенділік)	Лидерлікке ұмтылу, ісін өзгерту, өз қабілетін жоғарырақ бағалау, жоғары белсенділік, көзғалғыштық, катерге бас тігу. Экстроверсиялылық	Оқу материалын тез ұғыну. Қарым- қатынаста женілділік. Белсенділік, энергиялылық, төзімділік. Сенімділік туғыза біледі. Стандартты	Авантюризм. Тұрақсыздық. Алкогольге бейімділік. Басқа мәселеге ауып кетушілік. Тәртіпсіздік. Бостан бос сабақ босату, үлкен адамдармен	Қолы бостық. Таңдауды шектеу. Жалғыздық. Іс- әрекетін шектеу. Эмоционалды жауапкершілік. Қатаң бақылау.	Іс-әрекеттің әр келкілігі, күрделі қарым- қатынас. Ұжымдағы іс-әрекет. Қарым- қатынаста демократиял ық стиль.	Толық жинақы- лық. Жоспарлы- лық.

			емес жағдайда танқырық. Жауаптылыққа әрдайым даяр болу.	конфликтілер.			
2	(Эйфория – дисфория)	Эйфория гипертимдер, дисфория – тұрақсыздық. Жасырынды тип.		Фазалар бойынша.	Қысымшылық шектен тыс жүктеу. Күтпеген жағдай.	Фазаға байланысты икемді тактика.	Толық жинақтылық (конец – делу венец (эйфория)). Жеңімпаз: мақтапшақ (дисфория).
3	Тұрақсыз (еріксіздік).	Тұрақсыздық басқаларға тәуелділік, сенімшілдік, іскерлікте дәрменсіздік, жеңіл жеппілікке ұмтылушылық.	Шаршамау, аңқаулық, ашықтық, жағымпаздық.	Үйден қашу, делинвенттілік, аддитивтілік.	Бақылаусыздық, мақсатты бағдарланбаған тәрбие.	Қатаң басқарушы- лық, қатаң режим, қатаң қағидалар.	Флегматик, репортер, тимуровец, «золушка», «әр нәрсенің өз уақыты бар»,

								тұрақты хобби.
4	Лабильділік (қозғалыштық шектен тыс өзгергіштік).	Көңіл-күйдің шексіз өзгерісі, өзгенің пікіріне бейімділік, тез ренжігіш, ашуланшақ, көңілге алушылық, өз көңіл-күйіне тәуелділік, баяу өзін-өзі бақылаушылық, конфликттік.	Жаксы қарым-қатынас жасайды, ашықтық сезімтал, музыкаға қызығушылық, достарының арасындағы қарым-қатынас.	Аффектілі әрекет, невроздар, депрессия. Демокративті қарсылық. Суицид. Гомосексуализм.	Жақын адамдарына теріс қарау, өкіну.	Дос мұғалім позициясы. Құптау және эмоционалды қолдау. Эмпатия.	Аналитик, ашуланшақтық бәсеңдеуі.	
5	Конформды (келісімділік, топтың пікіріне бағындырушылық).	Әлемге, өзінің көзқарасының жоқтығы, жігерсіздік, өзіне сын қарамаушылық.	Топқа деген адалдылық, консервативтілік, тұрақтылыққа ұмтылушылық.	Топтық тәртіп бұзушылыққа, қылмысқа қатысты болу.	Теріс үлгі, топты, ұжымды ауыстыру.	Көмекші позициясы, сыни ойлауын дамыту. Рефлексиялық әрекетін дамыту.	Лидер, өзінің пікірі, оппонент, қарама-қайшылық.	
6	Истероидты	Өзін-өзі шектен тыс	Біржақтылық	Өз әрекетін	Адамдар	Ата-ана		

	(өзіне назар аудартуыншық, жұрты таң қалдыруға ұмтылыс, алушылық туғызу).	жоғары бағалау, жок жетістікті мадақтау, эгоцентризм, өзіне негізгі назарды аударту.	инициаторлық, өз ісіне бейімділік, белсенділік, ұйымдастырушылық қабілеті, энергиялылық (спринтер).	демонстрациялау, эгоцентризм, аффектілі іс-әрекет.	изоляциялану, әсерсіздік.	және көрермен позициясы, өз әрекетін демонстрациялауына көңіл аудармау.	
7	ішізоидты (тұйықтылы қ, өзгелерден алшақтанушылық).	Ақымақтау қылықтар, қарым-қатынастағы қиындық, эмоционалды суықтылық, фантазияшылық, физикалық және интеллектуалды қатынаста бөсеңділік.	Суық ой, стандартты емес ойлауға бейімділік, жалғыздыққа бейім болу, аналитикалық қабілеті.	Үйден кету. Ассоциативті. Әділдік үшін күрескер. Аддитивті әрекет, сексуалды суицид. Қиялшылық.	Топқа күшпен енгізу. Эмоционалды байланыс. Лидерлік.	Анонимді талқылау. Дене-модульдік сабақтар, мұғалім позициясы.	Оратор, көпшіліктің басқашың көңіл-күйіне ортақтық ұғынушылық.
8	Астеноневро	Жиіркенушілік,	Өз күшіне	Аффектілі	Инвалидизация,	Шамасына	Женімпаз,

	-тикалық (тез жолығушы- лық, иьохондрия)	әлсіздік, шошығыштық, сенімсіздік, уайымшылдық, неврозға бейімділік, үнемі қанағаттанбаушы- лық. «Барлығы жаман».	сенуге бейімділік, тәртіптілік, тиянақтылық, байынтылық.	әрекет, мектептегі уайымшылдық. Дидактогенші.	гипер және гипер тәрбиелеу. Конфликтілер.	сай талаптар, режим, реттелген қарым- қатынас.	менін жетістікте- рім, басқаға көмек көрсету, өмір керемет, мен жақсы, сен жақсы.
9	Эпилептаут ы (уайымшыл- дық пен өшігушілік е бейім бөлу).	Инерттілік, өз ережелерін толық қадағалау, дерекелік, ашуын өзгелерден алу, басшыларға жағымпаздық, деспотизм, өш алушылық.	Максатқа жетуде бірізділік, уақытты қадағалаушы- лық, міндеттілік, төзімділік, ұсақ-түйкке назар аударушылық.	Сексуалды ауытқушылық. Азаргты ойындарға бейімділік. Ұрлық, алкоголизм, аффектілі әрекет.	Эмоционалды жылулықтың жоқтығы, катігездік, эгоистік мінез- құлық.	Тиянақтылы қ шеберлікке бейімділік, сағушылық- қа бейімділік.	Мейірімді- лік, жағымды әңгімелесу, тілектердің орындалуы, ақылдылық.
10	Сензитивті-	Қорқақтық,	Өткір ой, ішкі	Әлеуметтік	Эмоционалды	Ұзаққа	Жанның

лік (шектен тыс сезімталдық)	тұйықтылық, өзін- өзі қинауға бейімділік, өзіне-өзі төмен баға беру, ата- анасы мен достарына тәуелділік.	мәнін түсіну қабілеті, шынайы сезімге бағдарлану қабілеті.	алшақтылық, психикалық травма нәтижесінде үйден кетіп қалу, суицид.	жауапкершілік, үйденгі гиперпротекция, жоғары моральды жауапкершілік.	созылған көзін жеткізуші- лік, басқа керектігін демонстраци ялау, интуицияға сену, эстетикалық бейімделу.	толық тынышты- ғы, жағымды жағдай, идеалды қоршаған орта.
11 Психостени- калық (аландаушы- лық).	Қорқыныш, сенімсіздік, педантизм, тәртіпке бағынаушылық, өзінің болашағы үшін аландаушылық, мазасыз ойлар.	Өзіне жауапкершілік- ті алу, анаға деген эмоционалды жақындық, іске деген жауапкершілік.	Болашақта невротикалық ауруға шалдығушы- лық. Осы шақта қиындықтан қорықпау.	Жауаптылық, таңдау жағдайы, моральды жауаптылық.	Рационалды көз жеткізуші- лік, іс- әрекетті құптау, мадақтау. Спортпен айналысу (жарыссыз).	Қауіп- қатерге бел бойлау, сенімділік.

Атаптивті мінез-құлықтың құрылымы

Мінез-құлық деңгейі	I	II	III	IV
Функционалдық жүйенің түрлері.	Физиология- лық.	Психофизио- логиялық	Психикалық.	Әлеуметтік қарым- қатынас жүйелері.
Факторлар жүйесі.	Физиология- лық	Психофизио- логиялық	Психология- лық.	Социо- мәдени.
Жұмыспен қамтамасыз етілген нәтиже.	Организмнің әртүрлі жүйелерінің жұмысы нәтижесін гомеостарды қамтамасыз ет.у	Психикалық деңгейдің ерекше қасиеттерінің құрылуы және детекция.	Психиканың тұтас организм ретінде қызмет атқаруы.	Әлеуметтік қатынас жүйесінде қызмет етуі.
Мінез-құлықтың бұзылуын зерттеуге әрекет жасау.	Патофизиоло- гия.	Нейропсихол огия, патология.	Патопсихоло- гия.	Әлеуметтік мінез- құлықтың қиындықты зерттеу.

1.3«Қиын» оқушыларға талап қою және тапсырмалар берудің тәсілі.

Көптеген, қиын оқушылардың мінез – құлықтар стереотипін өзгертіп адамгершілікке тәрбиелеуде, ұнамды психикалық күйлерін, яғни қуанышты эмоциясын пайдаланса, оларды мектептегі қызықты да тартымды қоғам жұмыстарына белсенді қатыстыруға болады.

Әрине бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін балаға мүмкіндіктер мен жағдайлар туғызып отырған жөн.

Балалармен тәрбие жұмыстарын жүргізуде көңіл аударарлық тәсіл – олардың ұнамды қасиеттерін айқындап, соған сәйкес дара тапсырмалар беру.

«Қиын» оқушының жеке басының ерекшеліктері мен күнделікті өмір жолына, істеріне талдау жасау.

Үшін мына жақтарына көңіл бөлген жөн.

1. Оқушы туралы жалпы түсінік алу.
2. Оқушының ата – анасының мінездерін және семья өмірі мен тәрбиесінің жағдай – мүмкіндіктерін білу.
3. Сынып коллективінің көз – қарасы жайлы білу.
4. Оқушының мінез – құлқындағы басты кескін – келбеті мен ынта – ықыласын бағдарлау.

Күнделікті өмірі мен жеке басының ерекшеліктерін білген соң, эксперименттік жеке тәрбие жұмысының жалпы мақсатын белгілеу керек.

Оқушыны мектептегі қоғамдық жұмыстарға тарту, баланың спорт ойындарына сүйіспеншілігін арттыра отырып, тәртіптілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

Басты мақсаттардың негізінде педагогикалық коллективтің алдында төмендегідей міндеттер тұрды.

1. Алғашқы міндет – оқушының өз сынып ұжымымен және мұғалімдерінің арасында оңды қарым-қатынастар туғызу.
2. Баланың алдына айқын талаптар қойып, сол талаптар көлемінде қоғамдық пікірлер туғызып, оқушыны тәртіпке шақыру.

3. Баланы сыныптағы қоғамдық жұмыстарға қатыстырып жалпы бағдарын, яғни еңбекке, оқуға дұрыс көзқарасын қалыптастыру.

4. Осы міндеттерді іс – жүзіне асыру барысында оқушының менменшіл, дөрекілік мідерін жою көзделік, оны өзін - өзі тәрбиелеуге дайындау.

Педагогикалық экспериментті жүзеге асыру үшін, ең алдымен оқушымен тәрбиешінің арасындағы қарым – қатынас жөнге салу керек. Оқушының тәрбиешіге деген сенімі туу керек. Осы мүмкіндікті дер кезінде пайдаланған тәрбиеші оқушыға педагогикалық талаптарды қоярда, оның дара ерекшелігіне сай ақылдаса отыра әсері тиеді.

Оқушыға коллектив арқылы ықпал жасау үшін, алдын ала коллективтің қаймығушылық дағды - әдеттерін жою керек. Содан кейін арнайы сынып жиналысын өткізбес бұрын (әрине, «қиын» оқушысыз) тәрбиелі сынып коллективімен әңгімелесіп, оның алдыма қойылған қатал талаптардың көлемін және оқушылардың оқушыны тәртіпке шақырудағы міндеттерін белгілейді.

Сынып ұжымы мен оқушы арасындағы қақтығыс мынадан басталады.

Ол кезекшілік міндетін атқармай, спорт ойынына қатысуға кеткен. Сондықтан сынып белсенділері оның алдына талап қойды. «Бөлмені жинайсың. Содан кейін спорт ойынына қатысасың. Осы ???? найлы денешынықтыру пәнінің мұғаліміне айтамыз ...»

Көрсеткен қарсылығынан ештеңе шыкпады. Амалсыздан ұжымының талабын орындады. Өйткені спортқа деген сүйіспеншілігі басым екендігі көрсетті және денешынықтыру пәнінің мұғалімін сыйлайтын.

Енді оқушыны қоғамдың жұмыстарға тарту еді. Оны спорт инвентарларын жөндеу тобын басқарушы етіп қойды.

Әрбір тәрбиені оқушының дербес ерекшелігі мен ынта-ықыластын және турмыс жағдайын ескеріп, айқын, жүйелі, тиянақты талаптар қояды.

2. «Қиын оқушылармен жеке әңгімелесудің әдісі»

Этикалық әңгімелесу – оқу –тәрбе процесіндегі ең басты әдістердің бірі. Тәрби әдістерінің бірі - әңгімелесу, тәрбие процесінде ең қажетті құрал.

Тәрбиеші жеке адаммен әңгімелескенде жас өрешеліктерді мен дара ерекшеліктерін ескеруі тиіс.

Өйткені «оқушылар мағынасыз әңгімелерді жақтырмайды». Жеткіншектердің өзін-өзі бағалауы және дербес мінезді, жыныстың өзгешеліктер айқытдала бастаған, өмір тәжірибелер ұлғайған, дарын-қатынас күрделіленіп өзін өзі бағалауға талапталады.

Әңгімелесудің мазмұнын үш бөлімге бөлуге болады

I. Мектеп істері жайлы, келешек туралы пікірлесе, басты мақсатқа көшу, оқушының өмірінің келешегі жайлы сөйлескісі келмеседе, тәрбиеші шын көңілі, ағалың ақылы, айналасындағы тыныштық, ашық сырласыға мүмкіндік туғызды.

Оқушының адамгершілігі мол екенін ңысанына дәлелдеу. Сынып жиналысында да оны нақтап сөйлеп оған ризашылығын білдіреді.

II. Оқушының жағымды жақтарын ашаотырып, осыған байланысты баланың қуанышты күйіне көңіл аударады.

III. Оқушының мінез құлнындағы жағымсыз қылықтарының себептерін талдап және олардың даму, калыптасу күйлеріне тоқталып өтеді.

Жеке әңгіменің мазмұның алдына ала ойластырып, оны жүзеге асырудың жоспарын және міндеттерін айтқырап алудыымыз керек.

Әңгіменің мазмұны өмір тәжірибесіментығыз байланыста болу керек. Себебі «қиын» балалар өздерінің теріс қылықтары жайлы белгілі бір қорытындыға келсе, сонда ғана теріс мінездерін жоюға өз бетімен дамытуға дайындалған болар еді.

3. «Қиын» оқушыларды дара мадақтау және жазалау әдісі.

Мадақтау тәсімін оқушылар коллективінің қоғамдың пікірлері толықтай қалыптасқанда қолданудың құнды тәрбиелік маңызы бар. Бұл жағдайда, педагогикалық мадақтауға тұрарлық оқушыны оқушылар коллективі алдында мадақтауға мүмкіндік туады. Өйткені, мадақталынып отырған бала сынып коллективіне қарсы қойылмайды, қайта коллектив мүшелері оқушыға берілген мадақтауға жолдастың ниетпен қуаныш білдіріп дұрыс баға

берілгеніне қосылады. Ал жазалау тәсімінің мадақтау тәсісіліне қарағанда өзгешелігі, оны оқушылар коллективі әлі ұйымдаспаған алғашқы кезеңде саналы қолданудың ролі зор.

Егер оқушыны жазаласақ, жазалау әдісінің негізгі мәні оқушының жасаған жағымсыз қылығының дұрыс еместігіне көзін жеткізу жән оған жасалған жазалау тәсілінің дұрыстығын ұғындыру керек.

Мадақтау мен жазалау тәсілін оқу – тәрбие процесінде жөнді – жөнсіз қолдану зиянды.

Тәрбиені оқушының мінез – құлқына, құқығына, міндеттеріне түзету енгізуге тек мадақтау мен жазалау тәсілдері арқылы жетуге болады:

- мадақтау мен жазалау тәсілінің алдына қойған мақсаттары оқушының мінез – құлықтарына түзету енгізу, яғни қиын жағдайда жекелеген оқушылардың дұрыс жол алуына көмек беруінде.

- мадақтау мен жазалау тәсілдерінің мазмұны мен мәні оқушылардың жас және дара ерекшеліктеріне сай болуында.

4. Нерв жүйесі нашарлаған «қиын» оқушылармен жеке тәрбие жұмысын жүргізу.

Мектеп жағдайында нерв жүйесі нашарлаған «қиын» балалармен жеке тәрбиесі жұмысын ұйымдастыру педагогтарға көптеген қиындықтар туғызады. Өйткені, әрбір осындай оқушылардың өз ерекшеліктерімен қатар сырқатының пайда болу өзгешіліктері бар. Осы өзгешіліктерді дұрыс бағдарлап, дұрыс тәрбие жұмысын құра білсе, сонда ғана белгілі нәтижеге жетуге болады.

Неврастениямен ауырған оқушының басы ауырады, түнде ұйқысы қашады. Сондықтан, өткен оқиғаны есте сақтау қабілеті нашарлап, жүріс тұрысында шармаудың белгілері байқалады.

Дәрігерлік – педагогикалық тексерістің қорытындыларына негіздей отырып, оқушының ар – намысына тимейтін ақылдасу тәсілі арқылы педагогикалық ықпал жасалды.

Бұл тәсілдің берер нәтиесі жоғары.

Мысалы: оқу жүйесінде баланың абыржушылық дағдысын жою үшін, мұғалім бірінші тоқсанда оқушының ақыл -- ой операциясын қажет тұтатын қиын оқу материалдарын қарастыруға қатынастырмай, қайта оңай материалдарды қарастыруға қатнастырмай, қайта оңай материалдарды қарастыруға тартып отырды. Себебі, оқу процесіндегі баланың мазасызданып өз ой -- пікірін айта алмауы қатар -- құрбылары тарапынан мысқыл -- күлкі туғызатын. Бұл жағдай, оның тұйықтанып, өз қылығына ашына түсінуіне мүмкіндік туғызып, нерв жүйесінің нашарлана беруіне себепші болатын.

«Қиын» оқушыны мектептегі қоғамдық жұмыстарға тарту, оның ішінде жалпы мектептегі кішігірім жөндеу жұмыстарына басшылық жасауды міндеттеуін. Өз тілегімен техникалық құралдарды жөндеу жұмыстарына жұмау -- нерв жүйесінің ақауы, яғни қозғыштық күш бір қалыпқа түсе бастайды.

Оның мектеп ісіне қоғамдық маңызы бар істерімен пайда келтіріп отырғандығын көрсету - өз құрбыларының алдында абройын көтереді.

Нерв жүйесінің нашарлаған оқушылардың арасында төсек орнына дәретке отыратын балаларда кездеседі. (Энурез) Осындай жағдайға баланы ұру, қорқыту, ренжіту т.б. әсер етеді. Онымен жүргізілген жеке әңгімелесу әдісіміз де оның энурез ауруынан айтуға болатының түсіндіріп, бұл іске өз тарапынан ұстамдылық қажет екені айтылды.

Ғалым Н. И. Красногорскийдің әдісіне байланысты жүрек ауруы бар балалардың тамақтану режиміне өзгерістер енгізілді. Онда тағам құрамыа кешкі сағат 5 тек кейін тұз қосып және қатқан күмше беріледі. Ал жатар алдында бір тұтам тұздалған балықты сорғаны жөн. Қабылданған тұз организмдегі суды ұстап, дәрет қуығына аз мөлшерде сұйық бөледі. Немесе баланың сегіз көзіне хлорлы этилді компресс басып, дәрет қуығының арқа миындағы орталығының жұмысын жақсартуға себепті болады.

Бұл жұмыс тиянақты жүргізілсе ғана баланың төсек орнында дәретке отыруынан айығып кететіндігін тәжірибе көрсетті.

Қорыта келе:

I – нервтік – психикасы бұзылған оқушылармен – ақылдасу тәсілімен педагогикалық ықпалдар жасап отыру керек.

II – нерв жүйесі нашарлаған оқушылармен – қоғамдық жұмыстарға тарту.

III – Қиыр, қосарғыш мінезді, тұйық балалармен – мадақтау, еркелету тәсілдерін қолданып, жылы лебізбен қатынас жасауы тиіс. Аз да болсын пайда болған инициативасын қолдап отырған жөн.

5. Тәрбиешінің жеке отбасымен жұмыстар жүргізу әдісі. Тәрбиеші семьямен жұмыс жүргізгенде әрбір семьяның ерекшеліктерін ескеріп тиімді ықпалдар жасап, мектеп пен семьяның арасында дұрыс байланыстың жасалуына себепкер болуы тиіс.

1 Семья + мүшелерінің қарым – қатынасын, тұрмыс – күйін, олардың саяси және мәдениеттілік дәрежесін алдын ала зерттеп танысу.

2 Қайта тәрбиелеу процесінің программасын жасау. Тәрбиеші ата – аналар комитеті мен үй басқармасының жанындағы көмек комиссиясы арқылы, баланың әке – шешесінің күнделікті тұрмыс – салтын бақылау. Оқушының әкесі мен шешесінің тәрбиелеу жұмысындағы ролі кәсіп – одақ ұйымында каралады. Оларға катал талаптар қойылады.

Ішiмдiктi дoғарып, бала тәрбиелеу жұмысымен айналысасын! Бұл міндетті орындамасаң, жолдастың сотқа берілесін!.. Осы жұмысқа балалар бөлімінің инспекторы да тартылды.

«Қиын» оқушының тәртібінің нашарлауына семьядағы тәрбие жұмысының дұрыс ұйымдастырылмағанынан.

Әрбір семьяда дифференциалды педагогикалық насихат жұмысын жүргізу, ата – аналарды өз балаларын тәрбиелеудің методикасымен қаруландыру, оларды мектептегі тәрбие – оқу жұмысына қатыстыру қажет.

Ата – аналармен дербес жұмыс жүргізуде және әңгімелесуде педагогқа қойылатын талап, методикалық шеберлігі жағынан жоғарғы дәрежеде, абыройлы, өнегелі болып, әрбір семьяның дара ерекшеліктерін білуі тиіс.

Жасөспіріммен байланыс жасау методикасы

Байланыс жасау сатысы	Байланыстың мазмұны мен сипаты	Негізгі тактика	Нәтижесі
1. Қарым-қатынас жасауға тарту.	Жалпыға белгілі нормалар мен пікірлерді пайдалану. Ұстамдылықпен және мейірімділікпен қарау. Бірқалыпты қатынас, эмоцияға берілмеу. Қысылмай, кез-келген тақырыпқа сөйлесуін бейімдеу.	Қолпаштау келісу, барынша қабылдау.	Келісімге келеді.
2. Ортақ қызығушылықты іздеу.	Нейралды қызығушылықты табу. Нейралдылықтан маңызды қызығушылыққа өту. Жеке адамдың ерекшеліктерін атап өту. Адамдар туралы жалпы сөйлеуден бір нақты адам тұр. Талқылауға көшу. Ол адамның жалпы құндылығынан жекелеген қасиеттеріне көшу.	Тепе-теңдік қатынас, мүдделі болу. Жеке тұлғаның құндылықты қасиетін атап көрсету.	Жақсы эмоционалды фон – келісім.
3. Қажет етіп отырған жақсы сапары қасиеттері атау.	Сапалы қасиеттер туралы әңгімелеу, оның ішінде нақты адами қасиетті іздеу. Осы қасиеттер өзіңнің көзқарасында	(Партнер) пікірлесуші ұсынып отырған ойды қабылдау, сенімділікпен	Қауіпсіздік жағдайының қамтамасыз етілуі, жеке тұлғаны

	білдіру. Өзгелердің теріс қасиеттеріне деген өз көзқарасынды білдіру. Өзіндегі теріс қасиеттерді іздеу.	жауап беру.	толығымен мойындау.
4. Болжамды теріс қасиеттерді анықтау.	Жеке адамның қасиеттерінің анықтау. Қарым-қатынасқа кедергі келтіретін қасиеттерді анықтау. Қарым-қатынас жағдайын елестету, болжау. Сенбеушілік, түсініксіздікті анықтау. Өзінің жеке басының негативті жақтарын ашып көрсету.	Позитивті пікірді талқылаусыз сенімділікпен қарсылықсыз қабылдау.	Сенімділікпен ашық пікірлесу қалыптасуы.
5. Пікірлесуінің адаптивті мінез-құлқы.	Сапалы қасиеттерін айта отырып, негативті қасиеттеріне де тоқталу. Қасиеттерге басты ақыл-кеңес ұсыну. Оның өзінің жеке ерекшелігін және оны қарым-қатынаста атап өту. Қиындық туғызатын мәселені талқылап өту. Басқанын ерекшелік қасиеттеріне бейімделу керектігін ұғындыру.	Ашық айту, пікірлесуге қызығушылығын ояту, ақыл-кеңес беру.	Өзгерістің объектісі мен мәнінің пайда болуына, қарым-қатынастағы сапалы өзгеріс.

6. Оптималды қарым-қатынас орнату.	Іс-әрекетін ортақ жоспарын құру. Қарым-қатынас, байланыс нормативтері. Рольдерді бөлу. Өзін өзгертудің жоспарын құру.	Ортақ мақсат.	Қабылданған жоспарды орындауға келіседі.
---	--	----------------------	---

Оқушы жөнінде сынып жетекшінің пікірі

Оқушының мінез-құлқындағы қиындық неде? байқалады?
 Оқушының мектептегі және үйдегі тәртібі?
 Үлгерімі
 Оның қиын оқушы екендігін нақты қандай фактілер дәлелдейді?
 Оқушыны қайта тәрбиелеу үшін қандай әдістер қолданылды нәтижесі

Оқушымен жеке әңгіме өткізу

Мектепті бітіргеннен кейін сен кім болғың келеді?
 Сен қандай пәндерді жақсы көресің?
 Не туралы көп оқисың?
 Достарын туралы сен не ойлайсың?
 Сен өзіңнің мектептегі үйдегі тәртібіңе қанағаттанасың ба?
 Сен қандай қоғамдық жұмысқа қатыналасың және оның нәтижесі?
 Сенің мектептегі және үйдегі айналысатын қызықты ісін
 Сен өмірде нені маңызды деп есептейсің?
 Сенің ата-анаңмен қарым-қатынасың қандай?
 Сенің үлкендерге деген көзқарасың қандай?

Оқушы жөнінде мұғалімдердің пікірін білу

Оқушының сіздің пәніңіз бойынша үлгерімі және тәртібі қалай?
 Оның қиырлық және тәртіпсіздік көрсеткен кездері болды ма ? Сіздің ақыл-кеңесіңіз нұсқау
 Оның неге қабілеті бар?

Оқушы жөнінде оның достарымен әңгіме өткізу

Сендер көптен бері доссыңдар ма?
 Сендер бірлесіп қандай іспен айналысасыңдар?
 Саған досыңның қандай қасиеті ұнайды
 Саған оның қандай қасиеттері ұнамайды
 Сен оған қандай көмек көрсетесің
 Сендердің болашақта қандай жоспарларың бар

Оқушының ата-анасымен пікірлесу

Сізді баланыздың оқу үлгерімі мен тәртібі қанағаттандыра ма
 Сізді оның мінез құлқында не ойландырады
 Сіз оған қалай көмектесесіз
 Баланыз үйде немен айналысады сізге көмектеседі ме немен?
 Баланыздың мамандық таңдауында сіз қандай ақыл-кеңес бересіз?

Сынып старостасымен оқушы жөнінде әңгіме өткізу

Осы оқушы жөніндегі сіздің пікіріңіз
 Сынып ұжымындағы оның кемшіліктері неден байқалады?
 Оның сыныптастарымен қарым-қатынасы қандай?
 Сіз және сыныптағы басқа оқушылар оған қандай көмек көрсетесіздер?
 Оның қоғамдық жұмыстарға сыныптың қоғамдық өміріне көзқарасы қандай?

Қорытынды

Мінез-құлықтағы қиындығы бар оқушының мінездемесі
 Мектеп отбасы қоршаған ортаның оны қайта тәрбиелеудегі ролі
 Оқушымен жұмыс істеудің бағыттары

Біздің қоғам дамуының күрделі әлеуметтік-экономикалық жағдайларға және нақты қоғамдық тығырыққа тірелуі, адам ағзасына қауіпті экологиялық орта, дәрігерлік қызметтің нашарлығы т.б. балалардың денсаулығына, мінез-құлқына, оқытуға байланысты әлеуметтік психологиялық бейімделуге қатысты мәселелерді тудырып отыр.

Көптеген ғалымдардың пікіренше бала мінез-құлқының қиындығы 6-8 сыныптарда, әсіресе ұл балаларда байқалады делінген. Бірақ соңғы жылдары мінез-құлқы қиын оқушылардың арасында «жасару» тенденциясы байқалады, олардың оқушылары толықтырып отыр.

Мінез-құлқы қиын оқушылар арасында жүргізілген көптеген зерттеулер қорытындысы бойынша үлгермеушілер қатарын бастауыш сынып оқушылары толықтырып отыратын көрінеді. Мінез-құлықтың мұндай белгілерінің пайда болуының өзі болашақта әлеуметтік-психологиялық дезадаптацияның тұрақты түрлерінің қалыптасуына, мінез-құлық бұзылуының клиникалық және криминологиялық белгілерінің пайда болуына әкеп соқтырады.

Қиын балалардың психологиялық ерекшеліктері теориялық тұрғыда Выготский Л.С. (1928 ж.) еңбектерінде талқыланды, сондай-ақ Макаренко А.С. тәжірибелерінен үлкен орын алды. Бұл мәселесінің ары қарай талқылануына үлес қосқан зерттеушілер қатары да біршама.

Бастауыш мектеп кезеңі баланың жеке басының ары қарай қалыптасуы үшін аса маңызды рөл атқарады. Оның өмірінде мектеп табылдырығын алғаш аттаған күннен бастап айтарлықтай өзгерістер пайда болады, дамудың әлеуметтік жағдайы түн тамырымен өзгереді, бала үшін жетекші орын алатын оқу әрекеті қалыптасады.

Баланың жеке қасиеттерінің психикасының дұрыс дамып жетілуі үшін педагогтік ұжымдардың кәсіптік білгірлігі, ата-аналардың саналы көзқарасы және осы принциптерге негізделген мектеп пен отбасы арасындағы тығыз одақ, нәтижелі жұмыс қажет.

Мысалы, бұл тұрғыда Әл Фарабидің айтқан пікірі бар. Баланың жасы өскен сайын, оның ақылы да, яғни тәнімен бірге жаны да өсіп отырады. Мұның бәрі оның тіршілік қажетінен туындайды. Мәселен, балада ең алдымен өсіп-ону қуаты пайда болады. Бұл оның дене бітімінің қалыптасуында үлкен рөл атқарады. Бұл оның дене бітімінің қалыптасуында үлкен роль атқарады. Ана құрсағында – ақ тән түйсігі, біртіндеп дәм, иіс айыратын түйсіктер, заттың түрін, түсін, пішінін түйсіне алу қабілеті қалыптасады. Жан қуаттары өмір барысында, оқу тәрбие үстінде дамиды. Бұл үшін адамның өз бетінше, әрекеттенуі, өзіндік белсенділігі ерекше маңызды.

Адамның адамгершілік, имандылық қасиеттері де оның өмірден алатын тәжірибесінен, үлкендердің жақсы өнегесінен туындайды. Адам дүниеге ақылды, не ақылсыз, зұлым, не ақ ниетті болып келмейді, мұның бәрі де жүре пайда болады.

Бастауыш мектеп кезеңіндегі оқушының жеке басына тән қасиеттерді тек «мен» деген қасиет тұрғысынан ғана бағалап қоймай, тиісті мөлшерлерге қалайша бағынады, мінезі, ерік-жігері қандай, ашуланғыш, не сабырлы келе ме, әсемдікті ажыратудағы талғамы және өзгелермен қатынасы қандай – осы жөнінен де алып қарауға болады. Мінез-құлқы қиын оқушылар көбінесе ашуланшақ болып келеді. Баланы үй-іші көп еркелетсе, онда ол болмашы нәрсеге тез ашуланып, күйіп-пісетіні кездеседі. Керісінше күтпеген жағдайда «жақсы», «өте жақсы» деген баға алса, жұрттың көзінше соған қатты қуанғанын жасыра алмайды.

Мінез-құлқы қиын бастауыш мектеп оқушылары мектеп мотивациясының төменгі деңгейімен, оқу-әрекетіне құлықсыз қатысымен сипатталады. 4 – сыныпқа қарай мектеп мотивациясының төмендеу тенденциясы байқалады.

Мінез-құлқы қиын балалармен жұмыс істеу барысында олардың психологиялық ерекшеліктеріне есепке алып отыру керек.

Конформды түрге жататын балаларға қайырымдылық, жақсылық жасалынатын, қатынастар, олардың адалдық және ынталықтарын мадақтап, дем беретін қолайлы орта болуы қажет.

Мазасыз түрге жататын балалар тыныш, қайырымды жағдайда қажетсінеді. Мұндай балалардың денсаулығына қатты көңіл бөлінгені абзал.

Мұғалімдер мен тәрбиешілер, әсіресе интровертивті түрге жататын балалардың жеке ерекшеліктерін есепке алуы шарт, олардың ақыл-ой функцияларын дамытуға әрекеттенуі, бұл балалармен адамгершілік және әлеуметтік мөлшерде меңгертуге қабілеттендіру, өз құрбы-құрдастарымен өзара қатынастарын «жақсартуға» көмек қолын тигізуі керек.

Инфантилді түрге жататын балалардың тұрақты оқуға деген қызынушылығын, мотивациясы мен дағдысын кеңейту, белсенді ойлау әрекеттері мен ойын әрекеттеріне еліктіру, қызығушылықтарын арттыру, дербестікке ынталандыруды қалыптастыру қажет.

Өзін-өзі бағалау ең алдымен жеке тұлғаның әрекеті арқылы қалыптасады. Бірақ бағаны әрдайым айналадағы адамдар береді. Өзіне деген сенімі өзгелердің пікірі арқылы қалыптасады. Егер айналасындағы адамдар балаға үнемі дұрыс қарым-қатынас жасаса, онда ол өзін – осы сыйластыққа лайық екенмін деп санайды, ал егер керісінше, оның жасаған істерінің кемшіліктерін бетіне басып, ұрсып, жаратпай жатса, оған өзіме лайық емеспін дегеннен басқа түк қалмайды. Және бұл жағдайда баланың реакциясы әр түрлі (апатия, цинизм (арсыздық), агрессия т.б.) болады.

Қазіргі зарттеулерге қарағанда, тәртіп бұзуға ең бірінші түрткі болған оқиға баланы тікелей тәртіпсіздікке әкелмейді, әуелі қайғыға ұшыратады да, ол қайғы баланы ашуланшақтыққа әкеледі. Міне, тәртіп бұзу содан пайда болады. Тәртіп бұзушылықтың салдарының негізі – сабаққа үлгере алмаушылық. Кейбір оқушы қатар-құрбыларынан сабақта артта қалып қойып, тәртіп бұзуын өзінше батырлық деп есептейді. Мұны өзгелердің көзінше көрсеткісі келеді. Бұл мінез көбіне менменсуден, бала мінезінің дұрыс тәрбиеленбеуінен болады. Бірақ осылай болған жағдайда да,

тәртіпсіздікті баланың бойына біржолата сіңіп кеткен әдет деп, барлық себепті содан іздестіруге болмайды. Өйткені тәртіп бұзу баланың тек өзіне байланысты емес, оның үй ішіндегі жағдайларға да, айталық ата-ана бірлігінің жоқтығына және баласына қойған талаптың әр түрлі болып келуіне байланысты.

Бала үнемі жақсы психологиялық жағдайда тәрбиеленуі, оқуы, өсуі қажет. Сонда балада жағымды «мен» бейнесі қалыптасады, өзіне деген сенімділігі, өзіндік сезімі туады. Мұндай «мен» бейнесі кез-келген баланың жақсы жағдайда нәтижеге жетуіне, дұрыс дамуына мүмкіндік береді.

АЛУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ТӘРБИЕЛЛЕУ МЫНАНДАЙ НЕГІЗГІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТАҒЫ ҚИЫНДЫҚТЫҢ АЛДЫН КОМПОНЕНТТЕРДЕН ТҰРАДЫ.

1 ТӨРТІП БҰЗУҒА ЖАҚЫН,ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ МОРАЛЬ НОРМАЛАРЫН БҰЗУҒА БЕЙІМ ТҰРАТЫН ОҚУШЫЛАРДЫ АНЫҚТАУ

2МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТАҒЫ ҚИЫНДЫҚ СЕБЕПТЕРІН АНЫҚТАУ

3МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТАҒЫ ҚИЫНДЫҚТЫ ЖОЮ ҮШІНАРНАЙЫ ЖОСПАР ҚҰРУ

4ОҚУШЫНЫҢ ҮЛКЕНДЕРМЕН АЙНАЛАСЫНДАҒЫЛАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ ӨЗГЕРУІНЕ ЫҚПАЛ ЖАСАУ

5ЖАҚСЫ ІС-ӘРЕКЕТТЕРГЕ БАУЛУ, ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТУГЕ ЖЕТЕЛЕУ

6ОТБАСЫНДАҒЫ ТӘРБИЕНІҢ ДҰРЫС ЖОЛҒА ҚОЙЫЛУЫНА ЫҚПАЛ ЕТУ

ҚИЫН ТӘРБИЕЛЕНУДІҢ СЕБЕПТЕРІН ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

1ЖАСӨСПІРІМНІҢ РУХАНИ ӘЛЕМІНДЕГІ ҚИЫНДЫҚТЫҢ БАСТЫ СЕБЕБІН ТҮСІНУ

2 ДӘЛ ОСЫ ЖАҒДАЙДА ЖАСӨСПІРІМНІҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНА НЕ ӘСЕР ЕТІП ОТЫР

3ОҚУШЫНЫҢ ӨЗІ ҚАНДАЙ ЖАҒЫМСЫЗ ӘРЕКЕТТЕРГЕ ҚАРСЫ ТҰРА АЛАДЫ

4ОТБАСЫНЫҢ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫҢ КӨМЕГІМЕН ҚАНДАЙ ЖАҒЫМСЫЗ ӘРЕКЕТТЕРДІ ЖОЮҒА БОЛАДЫ

Сынып жетекшісінің қиын оқушымен жұмысы

“Қиын” бала ұғымы – бүгінгі таңда тек ата-ана мен ұстаздар қауымын ғана емес, сонымен қатар социолог, психолог, юрист, дәрігер мамандырының зейінін өзіне аударып, бұйыл қоғамды аландатып отырған әлеуметтік мәселе.

Ұлы педагог В.А. Сухомлинский “қиын” бала дегеніміз - әр түрлі себептерге байланысты біз олардан кемістік, ақыл – ойының дамуынан әлдеқандай ауытқуды байқайтын адам немесе олардың әрқайсысының басқа балаларға ұқсамайтын, тек бір өзіне ғана тән ерекшелігі, өзіндік себептерді, өзіндік мінез – құлқы, нормадан ауытқуы, тәрбиесінің өзіндік жолдары бар адам, - дейді.

Ал, қазіргі кездегі ғалыми – зерттеу деректерге сүйенер болсақ, “қиын” бала – күнделікті педагогикалық әсерге көне бермейтін, өзіне үнемі қосымша уақыт бөліп қарауды, мұғалімнің ерек – жігерін, күшін, қажырлы педагогикалық еңбегін қажет ететін оқушы.

“Объективтік көзқараспен қарағанда”, - дейді П.П. Блонский, - “қиын” оқушы – ол мұғалім жұмысының жемісті еместігіне байланысты, ал субъективтік көзқараспен қарағанда “қиын” оқушы – мұғалімге жұмыс істеу өте қиын, мұғалімнен көп жұмыс істеуді талап ететін оқушы.

Ал, невролог дәрігер, медицина ғылымдарының кандидаты Б. Акбергенова жасөспірімдер мен бұдан кіші жастағы балалардың психологиялық дамуын және тәртібінің бұзылуын минималды ми қызметінің бұзылуы шеңберінде қарастыра келе, мидың сөйлеу, ықылас қоя, есте сақтау, қабылдау сияқты психикалық жүйелерінің даму қарқыны кешеуілдейді деген тұжырымға келеді.

Белгілі психолог А.В. Петровский “қиын” баланың шығу себептерін отбасындағы қатынастармен сабақтай келе, бес типке бөледі. Олар мыналар:

1. Үстемдік жағдайда баланың өз бетімен іс-әрекет жасауына жол берілмейді, өзінің өміріне немесе отбасына байланысты бірде-бір мәселені шешуде үй іші кеңесіне қатыспайды.

2. Камкоршылдық жағдайы – ол балаларды желге, күнге тигізбей, мәпелеп өсіру. Бұлай өскен бала түрлі қиыншылықтармен кездескенде дұрыс шешім таба алмай, өмірдің шынжыр торына түстім деп үрейленіп, қайғыра бастайды.

3. Кактығысушылық отбасы мүшелерінің арасындағы қайшылықтан туады. Отбасында бір-біріне наразылық білдіру, бірін-бірі табалаушылық отбасы мүшелерін шиеленістіруге ықпал жасайды, олардың ауыз бірлігі бұзылады.

4. Араласпаушылық жағдайда үлкендер мен балалар әрқайсысы өз беттерінше бір-бірімен ақылдаспай томаға тұйық өмір сүреді. Бұндай отбасында қатыгездік селкостық сезімдер байқалады.

5. Ынтымақтастық үлкендер мен балалар арасындағы сыйласушылық принципіне сүйенеді. Мұндай отбасында балалардың пікірлері де тыңдалып, барлық мәселе бірігіп шешіледі. Ынтымақтастық отбасының айырмашылық белгілері - әдептілік, сапайылық, төзімділік, дау-жанжалдан ебін тауып, абырсеймен құтылу.

Бұл категориялардағы балалардың жалпы адамдық және өзге ешкімде қайталанбайтын қасиеттерін анықтауда “отбасында тәрбие жетіспеушілігінен” деп тұжырым жасалып, даулы пікірлер туындамас үшін “қиын” баланың мінез-құлық ерекшелігінің себепсалдарын анықтап, оның басындағы қиыншылықтардың түп – төркінін тауып барып, оны калыпка келтіру шараларын жүргізген жөн.

Кейінгі жылдары әлеуметтік мәселеге айналып отырған “қиын” бала ұғымына себепші болатын әлеуметтік – психологиялық және психо – педагогикалық факторлар ғалымдар назарынан тыс қалмай, жанжақты зерттеле басталғаны анық, осы орайда қиын оқушының психологиялық дамуының бұзылуының бірнеше себептерін атап өтейік:

1. Мидың зақымдану зардаптары

- ✓ сөйлеу, ықылас қою, есте сақтау, қабылдау қарқынының кешеуілдеуі.

2. Себептері мен механизмдері

- ✓ анасының жүкті кезінде сырқаттануы;
- ✓ анасының алкогольді ішімдіктер ішуі;
- ✓ шылым шегуі, баланың тұншығып тууы;
- ✓ баланың жиі-жиі сырқаттануы;
- ✓ генетикалық нейробологиялық факторлардың әсері.

Салдары мен белгілері

1. Ақыл-ой дамуы калыпты, бірақ әлеуметтік бейімделуі қиындау.
2. Кекештік, сөйлеудің бұзылуы, дәретін ұстай алмау, бастың ауруы, тамыр дистониясы, мектепке бейімсіздену синдромы және негізгі белгісі – мінезқұлықтың өзгеруі.
3. Гиподинамикалық калып – сылбырлық, салғырттық, баяулық.
4. Гипердинамикалық калып – шамадан тыс мазасыздық, қозғалыс белсенділігінің арта түсуі.

Атқарылуға тиісті ұсыныстар:

1. Педагогикалық-психологиялық, медициналық зерттеу жасау.
2. Сырттай жүйелі бақылау.
3. Жас ерекшеліктеріне назар аудара отырып, ұсынылған тиімді шараларды үздіксіз іске асыру.

Нәтижесі:

1. Бала тәртібінің алға кадам басуы байқалады.
2. Адами қасиеттері ашығып, қоғамдық борышын түсіне бастайды.
3. Мұғалім + ата + ана + оқушы арасында түсіністік, сыйластық пайда болады.
4. Сана салауаттылығына бет бұрады.

II МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНДА ҚИЫНДЫҒЫ БАР ОҚУШЫМЕН АТҚАРЫЛАТЫН ЖҰМЫСТЫҢ БАҒДАРЛАМ

1 ӘЛЕУМЕТТІК АНЫҚТАМАСЫН ТОЛТЫРУ

- а ОТБАСЫНЫҢ СТАТУСЫН АНЫҚТАУ
- ә СТЕАСЫНЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ ЖАҒДАЙЫН ЗЕРТТЕУ
- б ООҚУШЫНЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАЙТЫН ОРТАСЫН
ЗЕРТТЕП БІЛУ

2 ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ АНЫҚТАМАСЫ

- а БАЛА МЕН АТА-АНАНЫҢ АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-
ҚАТЫНАСТЫ ЗЕРТТЕУ
- ә ОҚУШЫНЫҢ АГРЕССИВТІЛІК ДЕҢГЕЙІН ЗЕРТТЕУ
- б МАЗАСЫЗДЫҚ ДЕҢГЕЙІН АНЫТАУ
- в ТЕМПЕРАМЕНТ ТИПІН АНЫҚТАУ

3 МЕДИЦИНАЛЫҚ АНЫҚТАМА БАЛАНЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ

4 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ САРАПТАМА

А Оқу үлгерімі

Ә оқушының өмірлік мақсат-мүдделері

ОҚУШЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК- ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРМЫС ДЕҢГЕЙІНІҢ КӨРСЕТКІШ КАРТАСЫ

ҚОЛДАНЫЛУЫ: ОҚУШЫНЫҢ ТӘУЕКЕЛ ТОБЫНЫҢ ҚАЙ ДЕҢГЕЙІНЕ
ЖАТАТЫНДЫҒЫН АНЫҚТАУ ҮШІН ҚАЖЕТ.

БҰЛ ӘР ТҮРЛІ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕРДІ БОЛЖАП ,ШЕШУДЕ
КӨМЕКТЕСЕДІ

АТЫ-ЖӨНІ:

ТУҒАН ЖЫЛЫ, АЙЫ, КҮНІ:

СЫНЫП:

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

ӘЛЕУМЕТТІК МІНЕЗДЕМЕ:

I БАЛАНЫҢ ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰРАМЫ:

АНАСЫ, ӘКЕСІ, АТАСЫ, ӘЖЕСІ

АНАСЫ МЕН ӘКЕСІ

АНАСЫ ЖӘНЕ ӨГЕЙ ӘКЕСІ, ӘКЕСІ ЖӘНЕ ӨГЕЙ ШЕШЕСІ

ЖАЛҒЫЗ АНАСЫ НЕМЕСЕ ӘКЕСІ

АТА-АНАСЫ ЖОҚ ӘЖЕСІНІҢ, ТӘТЕСІНІҢ ҚАРАМАҒЫНДА

II МЕКТЕПТЕГІ ҮЛГЕРІМІ:

ӨТЕ ЖАҚСЫ

ЖАҚСЫ

ҚАНАҒАТТАНАРЛЫҚ

ҚАНАҒАТТАНАРЛЫҚ ЕМЕС

МЕКТЕПТІ ТАСТАҒАН

III БАЛАНЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ:

ДЕНІ САУ

ҚАЛЫПТЫ ДАМУ БАРЫСЫНДА ЖИІ АУЫРАДЫ

ЕЖЕЛІ АУРУЫ БАР

АҚЫЛ-ЕСІНДЕ КЕМІСТІК БАР

ТУҒАННАН КЕМІСТІК, НЕРВТІК-ПСИХИКАЛЫҚ АУРУЫ БАР

IV ОТБАСЫНЫҢ ТҰРМЫС ЖАҒДАЙЫ:

IV ОТБАСЫНЫҢ ТҰРМЫС ЖАҒДАЙЫ

БАРЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛЫНҒАН ПӘТЕР

АТА-ӘЖЕСІ ЖӘНЕ ӘКЕ-ШЕШЕСІМЕН БІРГЕ ТҰРАДЫ

КОММУНАЛДЫ ПӘТЕРДЕГІ БІРНЕШЕ БӨЛМЕ

КОММУНАЛДЫ ПӘТЕРДЕГІ БІР БӨЛМЕ

ЖАТАҚХАНАДАҒЫ БӨЛМЕ, ЕШҚАНДАЙ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛМАҒАН БАРАК

V ОТБАСЫНЫҢ ҚАРЖЫ ЖАҒДАЙЫ:

БАРЛЫҚ ҚАЖЕТІНЕ ЖЕТКІЛІКТІ
НЕГІЗІНЕН ТАМАҚТАНУЫНА, КИМІНЕ, КҮНДЕЛІКТІ ТҰРМЫСЫНА ЖЕТКІЛІКТІ
ТАМАҚТАНУЫНА ЖЕТЕДІ. БІРАҚ КИІМ-КЕШЕК АЛУ ҚИЫНДЫҚ ТУҒЫЗАДЫ
АҚША КЕЛЕСІ ЕҢБЕКАҚЫҒА, ДЕЙІН ЖЕТПЕЙДІ
АҚША ЖЕТКІЛІКСІЗ ЖАҒДАЙЫ НАШАР ОТБАСЫ, ЖҰМЫССЫЗДЫҚ

VI ОТБАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРМЫСЫНЫҢ ДЕҢГЕЙІ:

ЖАҚСЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС, МЕЙІРІМДІЛІК, АДАЛДЫҚ
САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ, ҰРЫССЫЗ, БІРАҚ ОТБАСЫНДАҒЫ АДАМДАР
АРАСЫНДА ТЫҒЫЗ ҚАТЫНАС ЖОҚ
ОТБАСЫНДА ҰРЫС-КЕРІС, АТА-АНАНЫҢ БІРІ ІШІМДІККЕ ӘУЕС
АТА-АНАСЫ СОТТАЛҒАН, ІШКІШ, ҚОЛ ЖҰМСАУ ОРЫН АЛАДЫ, АТА-
АНАСЫНЫҢ ПСИХИКАЛЫҚ АУРУЫ
АЛКОГОЛИЗММЕН ТІРКЕУДЕ ТҰРУЫ, НАШАҚОРЛЫҚПЕН АЙНАЛЫСУЫ,
ҚЫЛМЫСКЕРЛІК

VII БАЛАНЫҢ МЕКТЕПТЕГІ ТӨРТІБІ:

ЖАҚСЫ
ҚАНАҒАТТАНАРЛЫҚ
ҚАНАҒАТТАНАРЛЫҚ ЕМЕС
МЕКТЕПШІЛІК ТІРКЕУДЕ ТҰР
ОДН-ДЕ ТІРКЕУДЕ, НАРКОЛОГ ТЕ ТІРКЕУДЕ

VIII БАЛАНЫҢ МЕКТЕПТЕН ТЫС ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ:

СЕКЦИЯЛАРҒА, ҮЙІРМЕЛЕРГЕ, СТУДИЯЛАРҒА БАРАДЫ
КЕЙ КЕЗДЕРДЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫНА ҚАРАЙ БОС УАҚЫТЫНДА БАРАДЫ
НАҚТЫ АЙНАЛЫСАТЫН ІСІ ЖОҚ, БОСТАН-БОС УАҚЫТ ӨТКІЗУШІЛІК
ҰСАҚ ТӨРТІП БҰЗУШЫЛЫҚ, ТӨБЕЛЕСУ
ІШІМДІК ІШУ, НАША, ХИМИЯЛЫҚ ТОКСИНДІ ЗАТТАР ПАЙДАЛАНУ
КРИМИНОГЕНДІК ТОПҚА ЕНЕДІ, ҰРЛЫҚ, ТӨРТІП БҰЗУ, ТОНАУ Т.Б.

IX 9 ОҚУШЫНЫҢ ӨМІРЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ:

НАҚТЫ БЕЛГІЛЕНГЕН ӨМІРЛІК МАҚСАТЫ БАР, СОҒАН ЖЕТУГЕ ҚҰШТАРЛЫҚ
МАҚСАТ-МҮДДЕЛЕРІ БАР, БІРАҚ ОҒАН ЖЕТУ ЖОЛЫ ӨЛІ ДЕ БҰЛЫҢҒЫР
ЕШҚАНДАЙ ӨМІРЛІК ЖОСПАРЫ ЖОҚ, НЕМЕСЕ ЖҮЗЕГЕ АСПАЙТЫН ЖОСПАР,
ИНФАНТИЛИЗМ
МАҚСАТЫ КӨБІНЕСЕ НЕГАТИВТІ, МӘНІ ЖОҚ, АЙНАЛАСЫНДАҒЫ ДОСТАРЫ ДА
ТӘРБИЕСІ ҚИЫН БАЛАЛАР

X БАЛА МЕН АТА-АНАНЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ:

ТЫҒЫЗ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС, ТАЛАП ҚОЮ БАР, БІР-БІРІНЕ ДЕГЕН СЕНІМДІЛІК БАР
ШЕКТЕН ТЫС ЖАҚСЫ КӨРУ ГИПЕРОПЕКА

АТА-АНАНЫҢ БІРІНШІ ОРЫНДА ӨӨ ӨМІРІ, БАЛАҒА ДЕГЕН ҚЫЛАСЫ ЖАҚСЫ

МЕЙІРІМДІЛІКТІҢ ЖОҚТЫҒЫ, БАЛАНЫ БЕТІМЕН ЖІБЕРУ, БАЛАҒА ҚАЖЕТСІ ПРОБЛЕМА
ТУДЫРУШЫ ДЕП ҚАРАЙДЫ
АТА-АНА АРАСЫНДА КОНФЛИКТ ОРЫН АЛҒАН, КҮШ ЖҰМСАУДЫҢ ТҮРЛІ
ФОРМАЛАРЫ, ҰРЫП СОҒУ

Оқушының әлеуметтік-психологиялық тұрмыс деңгейінің көрсеткіштері

әлеуметтік жағдайы	1 Сәтсіз отбасы. Өке-шешесі ажырасқан. Ата-әжесімен тұрады. 2. Отбасының қаржылық жағдайы жақсы, күнкөріс минимумына жеткілікті. 3. Оқушының қарым-қатынас жасайтын айналасы: жақын достары аз, мектепті тастаған, сабақты жиі босататын көшен достары бар» Мектепішілік тіркеуде тұр
Психологиялық сараптама	1.Ата-ана мен бала арасында тығыз қарым-қатынас жоқ. Өкесі бала тәрбиесіне жауапсыздықпен қарайды. Ата-әжесі бала тәрбиесінде автономды тактиканы ұстанады 2.Агрессивтілік деңгейі орташа. Мінез-құлқына негативизм тән. Жоғары деңгейде мазасыздық бар. Темпераменті: меланхолик.
Медициналық сараптама	Дені сау
Педагогикалық сараптама	Оқу үлгерімі: қанағаттанарлық.Өмірлік ұстанымдары негативті, қарапайым, мағынасыз. Алдына қойған жоспары жүзеге асуы екіталай. Қоғамдық-пайдалы жұмысқа қызығушылығы төмен.

Мінез-құлқында қиындығы бар оқушыға мінездеме:

Д осы сыныпта 2002-2003 оқу жылынан бері оқиды. Оқу барысында ол өзінің сабаққа деген ынтасының төмендігімен оқу үлгерімінің төмендігімен көзге түсті. сабақты жиі босатады. Дегенмен, оның ағылшын тілі, биология пәндеріне деген қызығушылығы бар екені байқалады.

Сынып ұжымында сыныптастары оған негізінен сыйластықпен қарайды. Ол қарым-қатынаста тұйық.

Үлкендерді мұғалімдерді сыйлайды. Оқушының үй-ішілік әлеуметтік факторлардың әсерінен мінез-құлқында қиындық бар. сабақтан кетіп қалу, үйінен кетіп қалу, өтірік айту сияқты жағымсыз қасиеттері бар.

Дегенмен, оның бойында сыпайылық, адамгершілік қасиеттері бар.

Кепешекте ол өзінің өмірлік мақсатын айқындап жақсы азамат болады деп сенемін.

Сынып жетекшісі ретінде бұл оқушы жөніндегі алғашқы пайымдауларым Оқушының мінез-құлқындағы қиындық негізінен мынадан байқалалады оқушы сабақты жиі босатады мінезі өте тұйық сыныптағы достарымен дерлік қарым-қатынас жасамайды Белгілі себептерге байланысты көбіне үй-ішіндегі адамдармен тіп табыса алмай үйінен кетіп қалады Оқушы үй-ішіне өзінің қайда екенін хабарламай өзінің көшен жолдастарының үйінде жатып сабаққа келмей жүрген кездері көп болды Инспектордың тіркеуіне алып мектепке әкеліп қатаң әңгіме өткізген кездер көп болды

Оқушының мектептегі тәртібі сабаққа ешқандай қызығушылығы жоқ уақытын бос өткізеді

Бұл оқушының үйіне бару ата-анасымен әңгіме өткізу т б жұмыстар атқарылды

Оқушының үй-жағдайы бала ата-әжесінің қолында тұрады Себебі әке-шешесі баланың жас күнінде ажырасып кеткен Шешесі баласы жөнінде ештеңе білгісі келмейді Әкесінің нақты жұмысы жоқ Ішімдік пайдаланады кейінгі кезде тіпті наркотикке салынған деген мәліметтер бар

Әжесімен және атасымен бала көбінесе тіл табыса алмайды себебі бұл адамдар бала тәрбиесінде көбінесе директивалық яғни бұйыру баланың пікірімен санаспау тактикасын ұстанады Сондықтан отбасында көбінесе ұрыс-керіс орын алады

Осындай әлеуметтік мәселелер анасының баласына деген ықыласының жоқтығы әкесінің делдал өмірі әжесінің баоаның жан дүниесін түсінгісі келмеуі бір сөзбен айтқанда баланың ата-ананың мейірімінен тыс қалуы сның мінез-құлқындағы қиындықтың тууына себепші фактор болып отыр

Оқушымен жүргізілген әңгіме:

Алғашқыда жыл басында оқушыға « мектеп бітіргеннен кейін кім болғың келеді

»деген сұраққа ол білмеймін ол жөнінде ойланған жоқпын деп жауап берді «Қай пәнді ұнатасың »деген сұраққа да ол нақты ұнататын пәнім жоқ бәрі бірдей деп жауап қайтаратын

«Қандай әдебиеттерді оқысың »деген сұраққа ол көбінесе адамның жан дүниесіне арналған әдебиеттерді оқығым келеді себебі өзімнің өмірімдегі көп нәрсені түсінгім келеді деді

Өзінің нақты жақын досы жоқ екенін жай әншейін көшен достары бар оларға сеніп ешқандай сыр айта алмайтындығын баяндадады

Мектепке келуге ықыласы төмен себебі оның үйдегі жағдайы нашар өзінің әкесінің қолында тұрғысы келетіні туралы көп айтатын

Мектептегі қоғамдық жұмысқа төменгі сыныптарда қатысқаны кейін оған деген ынтасының біртіндеп жойыла бастағандығы жөнінде айтты

«Өмірде нені маңызды деп есептейсің »деген сұраққа ол әке-шешеммен бірге тұрсам деп жауап берді

Өзінің анасын сағынғандығы оны іздеп талай барғандығы оның өзінің отбасы бар тұрмысы нашар екендігін білгені жөнінде үлкен күйінішпен баяндайды

Оқушы жөнінде бірнеше пән мұғалімдерімен әңгіме өткіздім:

Осы оқушының оқу үлгерімі төмен екендігін сабаққа ешқандай ынтасы жоқ тұйық қойған талапты берген тапсырманы орындамайды деп мәлімдеді Оған жеке тапсырмалар беріп қызығушылығын арттыруға тырысады сабақты көп босатуына байланысты білім деңгейінің төмен екендігі айқындалды

Негізінен оқушының қазақ тілі орыс тілі пәндері бойынша жазу сауаттылығы жоғары деп мәлімденді Ағылшын тілі пәніне қызығушылығы бар

Оқушының әжесімен өткізілген әңгіме:

Балаңыздың оқу үлгерімі мен тәртібіне қанағаттанасыз ба деп сұрақ қойғанымда ол бір сөзбен жоқ деп жауап берді Оның мінез-құлқында сізді не ойландырады сіз оған қалай көмектесесіз деген сұраққа ол ол өте жауапсыз қайырымсыз жалқау деген сөздермен баланың тәрбиесіндегі кеткен олқылықтардан бас тартады Баланы әр түрлі сөздермен балағаттап баланың шешесі мен әкесінің кінәсін бетіне басып өзінің бала психологиясына тигізіп отырған зияны туралы ойланбайды

Сыныптастарының бұл оқушы жөнінде пікірі:

Оның сыныпта ешкіммен тығыз қарым-қатынас жасамайды Мінезі өте тұйық жауапкершілігі төмен сабаққа ынтасы жоқ Біз оған оны өзімізге жақын тарту оқу құралдарымен көмектесу тест бақылау жұмысы кезінде көмектесуге тырысамыз

Ол қоғамдық жұмыстарға қатысқысы келмейді мысалы мектеп ауласын жинау сыныптағы тазалық жұмыстарын жүргізуде сабақтан тыс шараларға қатыспайды деп сипаттама жасады

“Қарым – катынас қажеттілігі” әдістемесі.

Нұсқау: Келесі сұрақтарға “иә”, “жоқ” деп жауап беру ұсынылады.

Сұрақтар

1. Түрлі салтанаттарға қуана қатысамын.
2. Егер достарымның тілегіне кері келсе, мен өз тілегімнен бас тартамын.
3. Өз көңіл күйім жайлы біреуге айтқанды ұнатамын.
4. Мен көбіне достықтан гөрі ықпалға ұмтыламын.
5. Достарымның алдында міндетімнен гөрі құқым басымдау деп сезінемін.
6. Досымның табысы жайлы естісем көңіл – күйім бұзылады.
7. Көңілім орнында болу үшін біреуге көмек көрсетуім керек.
8. Қызметтес жолдастарымның арасында бар машакатымды ұмытамын.
9. Менің достарым мені мезі етіп болды.
10. Жұмысым өнбей жатқанда қасымда біреулердің болуы шамыма тиеді.
11. Жаным қанша қысылса да таныстарыма зияны тимейтін шындықты ғана йатамын.
12. Қиын жағдайда өзім жайлы емес, жақын адамым жайлы ойлаймын.
13. Достарымның сәтсіздігі маған әсер етегіндігі сондай ауырып та қалуым мүмкін.
14. Өзіме қиын болса да басқаларға көмек бергенді ұнатамын.
15. Досымдікі дұрыс болмаса да сыйлағандықтан ғана келісемін.
16. Маған махаббат жайлы әңгімелерден гөрі қым-қиғаш оқиғаларға толы әңгімелер ұнайды.
17. Киноларда көрсетілетін зорлық-зомбылық мені жиіркендіреді.
18. Жалғыздықта мен көшіліктің ортасындағыдай емес, елегізіп, қыстығын қаламын.
19. Менің ойымша қуаныш негізгі қарым-қатынас.
20. Тастанды ит пен мысықты аяймын.
21. Аз болса да жақын достарым болғанын қалаймын.

22. Көпшіліктің ортасын ұнатамын.
23. Жақындарыммен ұрсысып қалсам ұзақ қамығамын.
24. Басқаларға қарағанда менің жақын адамдарым көп.
25. Менде достықтан гөрі жетістікке жекуте ұмтылыс көп.
26. Адамдар жайлы басқалардың пікірінен гөрі өз түйсінім мен түсінігіме сүйенемін.
27. Өзіме ұнайтын адамдармен қарым-қатынас қуанышынан гөрі байлық пен лауазымды артық көремін.
28. Жақын достары жоқ адамдарды аяймын.
29. Маған ылғи рахметсіз адамдар кездеседі.
30. Мен таза достық пен махаббат жайлы әңгімелерді ұнатамын.
31. Досым үшін бәрін де құрбан ете аламын.
32. Мен бала кезімде өте ұйымшыл топқа енетін едім.
33. Егер мен журналист болсам, достық күші жайлы жазар едім.

“Тұлғанның жабығу сәтіндегі өз мінез-құлқына баға беру” тесті.
Нұсқау: Сұраққа жауап бергенде оң жақтағы сандардан өзіңіздің калыпты жағдайыңызға сай келетін цифрларды дөңгелектеп сызып қойыңыз.

Сұрақнама

1. Мен болашағымның дарқындығына сенуге бейіммін 1,2,3,4.
2. Кейінгі кезде көп нәрсе менің ашуыма тие береді 1,2,3,4.
3. Аз ғана жұмыстың өзі мені шаршатады 1,2,3,4.
4. Мен кезекті проблемалардың шешімін тез табамын 1,2,3,4.
5. Кейде бір түсініп болмас мазасыздықтан өзіме орын таппай кетемін 1,2,3,4.
6. Егер мен олсем, менің өлімім айналамдағыларға тек жеңілдік океледі 1,2,3,4.
7. Мен жақындарыма қажет екеніме сенімдімін 1,2,3,4.
8. Менің зеректігім мүлт кетпейді 1,2,3,4.
9. Маған откен қуаныштың өзі ұнайды 1,2,3,4.
10. Кейде тез жылай саламын 1,2,3,4.
11. Ішім ауырады 1,2,3,4.
12. Менің тағдырым өзімді толық қанағаттандырады 1,2,3,4.
13. Тәбетім тайып көрген емес 1,2,3,4.
14. Жабығатын кездерім жиі болады 1,2,3,4.
15. Тек қана танертең (кешке) көңіл-күйім дұрыс болады 1,2,3,4.
16. Менде ұйқысыздық жиі болады 1,2,3,4.
17. Соңғы уақытта жүдеп барамын 1,2,3,4.
18. Өзім жақсы білетін дүние тез үйлесімін табады 1,2,3,4.
19. Маған әдемі бейтаныс қыздардың (жігіттердің) суретін қарастыру ұнайды 1,2,3,4.
20. Кейде жүрегім себепсіз қағысып жиілетеді 1,2,3,4.

БІЗ ҚАНДАЙ АТА- АНАМЫЗ?

1. БАЛАЛАР ТӘРБИЕСІ ТУРАЛЫ ГАЗЕТ-ЖУРНАЛ БЕТТЕРІНДЕ ЖАРИЯЛАНҒАН МАҚАЛАЛАРДЫ НЕМЕСЕ РАДИО, ТЕЛЕДИДАР ХАБАРЛАРЫН ЖҮЙЕЛІ ОҚЫП, ТЫНДАП ОМЫРАСЫЗ БА?

2.БАЛАҒЫЗ БІР ОҒАШ НӨРСЕ ІСТЕП ҚОЙДЫ ДЕЛІК. СІЗ МҮНДАЙ ЖАҒДАЙДЫҢ ӨЗ ТӘРБИЕҢІЗДІҢ НӘТИЖЕСІ ЕКНДІГІ ЖӨНІНДЕ ОЙЛАНЫП КӨРДІҢІЗ БЕ?

3. БАЛАЛАР ТӘРБИЕСІНДЕ ҚАСЫҢЫЗДАҒЫ ҚОСАҒЫҢЫЗДЫҢ ІПКІРІМЕН ҮНЕМІ САНАСЫП ОТЫРАСЫЗ БА?

4. БҰЙЫРУ НЕМЕСЕ ТИЫМ САЛУ СИЯҚТЫ ШАРАЛАРДЫ СІЗ ТЕК ҚАНА ҚАЖЕТ КЕЗІНДЕ ҚОЛДАНАСЫЗ БА?

5.ЖҮЙЕЛІЛІК РЕТТІЛІК – ПЕДАГОГИКАНЫҢ МАҢЫЗДЫ ПРИНЦИПТЕРІНІҢ БІРІ ДЕП САНАЙСЫЗ БА?

6 СПОРТ ПЕН ФИЗКУЛЬТУРАНЫҢ БАЛАНЫҢ ЖАН-ЖАҚТЫ , ҮЙЛЕСІМДІ ДАМУЫНДА МАҢЫЗЫ ЗОР ЕКЕНІН ЕСКЕРІП ОТЫРАСЫЗ БА?

7. СІЗ БАЛАДАН БІР НӨРСЕНІ ОРЫНДАУ ЖӨНІНДЕ ТАЛАП ТҮРҒЫСЫНАН ЕМЕС, ӨТІНІП СҰРАП КӨРДІҢІЗ БЕ?

8.МЕНІҢ УАҚЫТЫМ ЖОҚ , НЕМЕСЕ ТОҚТАЙ ТҮР, ӘУЕЛІ ӨЗ ЖҰМЫСЫМДЫ БІТІРІП АЛАЙЫН – ДЕГЕН ТӘРІЗДІ СЫЛТАУ ЛАРМЕН БАЛАҒЫЗДАН ҚҰТЫЛУҒА ТЫРЫСУ СІЗГЕ ҚИЫНДЫҚ ТУҒЫЗБАЙ МА?

ӘРБІР МАҚҰЛДАУ ЖАУАПТАРЫ ҮШІН-2 ҰПАЙ

Ал кей-кейде орындалатын болса -1 ұпай

Ал қарсы болса – 0 ұпай беріледі.

Балаларға арналған сауалнама

	Сұрақтар	иә +	кейде 0	жоқ -
1	Демалыс күндері ата - анаңмен бірге қыдырасың ба?			
2	Үй жұмыстарына ата - анаңа көмектесу Сізге ұңай ма?			
3	Ата — аналар баланы тәрбиелеу үшін физикалық жазаны жиі қолдана ма?			
4	Жанұяң сені жиі мадақтай ма?			
5	Жеке бастық мәселені ата — анама айтудың аса қажеті жоқ деп ойлайсың ба?			
6	Кейбір жағдайларды ата -- анаға сеніп айтудың аса қажеті жоқ деп ойлайсың ба?			
7	Ата — анаң сені мұғалімнің алдында жиі жақтайды ма?			
8	Мен жетпеген нәрсеге балам жетеді деп ата -- анаң ойлай ма?			
9	Ата — ана өз - өзін дұрыс ұстамаса баласына ескерту айтуға мүмкіндік тудырады ма?			
10	Ата — ананның әрекеттерін дұрыс емес деп санасак, жанұялық кеңестін шешімін орындаудан бас тарта аласың ба?			
11	Әрбір жағдайды ата — анаң немесе өзін шешесің бе?			
12	Ата — анаңмен жақын әрі сырласасың ба?			
13	Ата — анаңның бала тәрбиелеуде сөзі мен бір -- біріне сай келе ме?			
14	Ата — анаң сенің бұрынғы теріс әрекеттреінді жиі есіңе түсіре ме?			
15	Ата — анам мені жақсы түсінеді деп ойлайсың ба, ал сен ше?			

АЙЗЕНК САУАЛНАМАСЫ

- 1 МЕНКӨП ЖАҒДАЙДА ӨЗ КҮШІМЕ СЕНЕ АЛМАЙМЫН
- 2 МЕН КӨБІНЕСЕ ТЫҒЫРЫҚТАН ШЫҒАР ЖОЛ ТАБА АЛМАЙ ҚИНАЛАМЫН
- 3 МЕН КӨБІНЕСЕ СОҢҒЫ ШЕШІМДІ ӨЗІМ ҚАБЫЛДАЙМЫН
- 4 МАҒАН ӨЗІМНІҢ БҰРЫНҒЫ ДӘДЕТ-ДАҒДЫЛАРЫМДЫ ӨЗГЕРТУ ҚИЫН
- 5 МЕН ЖИІ ТҮККЕ ТҰРМАС НӨРСЕГЕ ҚЫЗАРАМЫН
- 6 СӘТСІЗДІКТЕР МЕНІ ҚАТТЫ ҚОБАЛЖЫТАДЫ ҮНЖАРҒАМБЫ ТҮСІРЕДІ
- 7 МЕН КӨБІНЕСЕСӨЙЛЕП ТҰРҒАН АДАМНЫҢ СӨЗІН БӨЛЕМІН
- 8 МЕН БІР ІСТЕН БАСҚА ІСКЕ ҚИЫНДЫҚПЕН КӨШЕМІН
- 9 МЕН ТҮНДЕ ЖИІ ОЯНАМЫН
- 10 КҮРДЕЛІ СӘТСІЗДІКТЕРДЕ МЕН КӨБІНЕСЕ ӨЗІМДІ ҚИНАЛАЙМЫН
- 11 МЕНІ РЕНЖІТУ ТЕЗ
- 12 ӨМІРІМДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕРГЕ МЕН САҚТЫҚПЕН ҚАРАЙМЫН
- 13 МЕН ТЕЗ МҰҢАЙАМЫН
- 14 БАҚЫТСЫЗДЫҚ ПЕН СӘТСІЗДІК МЕНІ ЕШТЕНЕГЕ ҮЙРЕТПЕЙДІ
- 15 МАҒАН БАСҚАЛАРҒА ЖИІ ЕСКЕРТУЛЕР АЙТУҒА ТУРА КЕЛЕДІ
- 16 ДАУЛАСҚАНДА МЕНІ ӨЗ ОЙЫМНАН ТАЙДЫРУ ҚИЫН
- 17 МЕНІ ТІПТІ ҚИЯЛДАҒЫ СӘТСІЗДІКТЕР ҚОБАЛЖЫТАДЫ
- 18 МЕН КӨК ЖАҒДАЙДА КҮРЕСТЕН БАС ТАРТАМЫН, СЕБЕБІ ОНЫ ҚАЖЕТСІЗ ДЕП САНАЙМЫН
- 19 МЕН АЙНАЛАМДАҒЫЛАРДЫҢ АЛДЫНДА БЕДЕЛДІ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ
- 20 МЕНІҢ ОЙЫМНАН КӨБІНЕСЕ ҚАЖЕТСІЗ ОЙЛАР КЕТПЕЙДІ
- 21 МЕНІ АЛДА ТҰРҒАН ҚИЫНДАҚТАР ҮРЕЙЛЕНДІРЕДІ
- 22 МЕН КӨБІНЕСЕ ӨЗІМДІ ҚОРҒАНСЫЗ СЕЗІНЕМІН
- 23 ҚАНДАЙ ДА БІР ІСТЕ МЕН АЗ НӨРСЕГЕ ҚАНАҒАТТАНБАЙМЫН, МЕН ҮЛКЕН ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТКІМ КЕЛЕДІ
- 24 МЕН АДАМДАРМЕН ТЕЗ ЖАҚЫНДАСАМЫН
- 25 МЕН АЗ КЕМШІЛІКТЕРІМДІ ЖИІ ҚАЗБАЛАЙМЫН
- 26 КЕЙДЕ МЕН ҚОБАЛЖУ ЖАҒДАЙЫНА ДУШАР БОЛАМЫН
- 27 МЕН РЕНЖІГЕН СӘТТЕРІМДЕ ӨЗІМДІ ҰСТАЙ АЛМАЙМЫН
- 28 МЕНІҢ ӨМІРІМДЕ КЕНЕТТЕН ӨЗГЕРІС БОЛҒАН ЖАҒДАЙДА МЕН КӨП УАЙЫМДАЙМЫН
- 29 МЕНІ КӨНДІРУ ӨТЕ ОҢАЙ
- 30 ҚИЫНДЫҚ ТУҒАН ЖАҒДАЙДА МЕН НЕ ІСТЕРІМДІ БІЛМЕЙ ҚАЛАМЫН
- 31 МЕН БАҒЫНҒАННАН ГӨРІ БАСҚАРҒАНДЫ ҰНАТАМЫН
- 32 МЕН КӨБІНЕСЕ БІРЖАҚТЫЛЫҚ БАЙҚАТАМЫН
- 33 МЕН МЕНІҢ ДЕНСАУЛЫҒЫМ ҚОБАЛЖЫТАДЫ
- 34 ҚИЫН КЕЗЕНДЕ МЕН КЕЙДЕ БАЛАНЫҢ ҚЫЛЫҚТАРЫН ЖАСАЙМЫН
- 35 МЕНІҢ ДӨРЕКІ ӨТКІР ҚАТАЛ КЕЗДЕРІМ БОЛАДЫ
- 36 МЕН ТӘУЕКЕЛГЕ ЕШ ҚЫЗЫҒУСЫЗ БЕЛ БУА АЛАМЫН
- 37 МЕН КҮТУДІ ҰНАТПАЙМЫН
- 38 МЕН ӨЗ КЕМШІЛІКТЕРІМДІ ЕШҚАШАН ЖОЯ АЛМАЙМЫН ДЕП ОЙЛАЙМЫН
- 39 МЕН КЕК САҚТАЙМЫН
- 40 МЕНІ ЖОСПАРЫМНЫҢ СӘЛ ҒАНА БҰЗЫЛУЫ ДА РЕНЖІТЕДІ

I.СЫНЫПҚА ДЕГЕН ӨЗІҢІЗДІҢ ҚАЖЕТІҢІЗДІ ҚАЛАЙ БАҒАЛАР ЕДІҢІЗ

- 1.ӨЗІМДІ ОНЫҢ МҮШЕСІ РЕТІНДЕ , ҰЖЫМНЫҢ БӨЛШЕГІ РЕТІНДЕ СЕЗІНЕМІН
- 2.С-ӨРЕКЕТ ТҮРЛЕРІНІҢ БӘРІНЕ ҚАТЫСАМЫН
3. БІР ІСКЕ ҚАТЫСАМЫН, БІР ІСКЕ ҚАТЫСПАЙМЫН
- 4.СЫНЫП МҮШЕСІ РЕТІНДЕ ӨЗІМДІ СЕЗІНБЕЙМІН
- 6.БІЛМЕЙМІН, ЖАУАП БЕРУГЕ АУЫРСЫНАМЫН

II.ЕГЕР МҮМКІНШІЛІК ТУСА , БАСҚА СЫНЫПҚА АУЫСАР МА ЕДІҢІЗ

1. ИӘ, БАСҚА СЫНЫПҚА АУЫСҚЫМ КЕЛЕДІ
2. ҚАЛҒАННАН ГӨРІ АУЫСАР ЕДІМ
3. ЕШБІР АЙЫРМАШЫЛЫҚ ЖОҚ СИЯҚТЫ
- 4.ӨЗ СЫНЫБЫМДА ҚАЛАР ЕДІМ
- 5.ӨЗ СЫНЫБЫМДА ӨТЕ ҚАЛҒЫМ КЕЛЕДІ
- 6.БІЛМЕЙМІН АЙТУҒА ҚИЫНСЫНАМЫН

III.СІЗДІҢ СЫНЫБЫҢЫЗДЫҢ МҮШЕЛЕРІ АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ҚАЛАЙ

- 1.БАСҚА СЫНЫПТАРҒА ҚАРАҒАНДА, ЖАҚСЫ
- 2.БАСҚА СЫНЫПТАРДАҒЫ СИЯҚТЫ
- 3.БАСҚА СЫНЫПТАРҒА ҚАРАҒАНДА ЖАМАН
- 4.БІЛМЕЙМІН, АЙТА АЛМАЙМЫН

IV.СІЗДІҢ МҰҒАЛІМДЕРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫҢЫЗ ҚАНДАЙ

- 1.БАСҚА СЫНЫПТАРҒА ҚАРАҒАНДА, ЖАҚСЫ
2. БАСҚА СЫНЫПТАРДАҒЫ СИЯҚТЫ
3. БАСҚА СЫНЫПТАРҒА ҚАРАҒАНДА ЖАМАН
- 4.БІЛМЕЙМІН, АЙТА АЛМАЙМЫН

V.СІЗДІҢ ҰЖЫМЫҢЫЗДЫҢ ОҚУҒА ДЕГЕН КӨЗҚАРАСЫ ҚАНДАЙ

- 1.БАСҚА СЫНЫПТАРҒА ҚАРАҒАНДА, ЖАҚСЫ
- 2.БАСҚА СЫНЫПТАРДАҒЫ СИЯҚТЫ
- 3.БАСҚА СЫНЫПТАРҒА ҚАРАҒАНДА ,ЖАМАН
4. БІЛМЕЙМІН, АЙТА АЛМАЙМЫН

байқамаған. Тамығын тауып, киімін кигізсем болды деген немқұрайлы қарым-қатынас салдарынан бір-біріне селқостық сезім пайда болған.

Жүргізілген диагностикалық зерттеу жұмысы

Дәрігермен жүргізілген жұмыстар:

1. Медициналық анықтамамен танысу.
2. Психотерапия әдістерімен танысу.
3. Дәрігермен емделуін, уақытында дәрігерлік тексеруден өтіп отыруын ата-анасына қадағалау.

Психологпен жүргізілген жұмыстар:

1. Оқушымен жеке әңгіме өткізу.
2. Даму ерекшеліктерін анықтау.
3. Ата-анасына кездесіп, әңгіме өткізу.

Заң орындарымен жүргізілген жұмыстар:

1. Инспекторлық тіркеу, бақылауға алу.
2. Конференцияларға, дәрістерге қатыстыру.
3. Ата-анасымен кездесіп, әңгіме өткізу.

Ата-анасымен жүргізілген жұмыстар:

1. Отбасының материалдық жағдайымен танысу.
2. Әр түрлі тақырыптарда сауалнамалар алу.
3. Ата-анамен үнемі тығыз байланыста болып, ақыл-кеңестер беру:
 - ұстамды, сабырлы сөйлеу;
 - қол жеткен табыстары үшін мадақтау;
 - үйде қатаң күн тәртібін орнату;
 - балаға шектен тыс тыйым салмау т.б.

Оқушымен жүргізілген жұмыстар:

1. Балаға ілтипатпен қарап, оның жағымды қасиеттерін ашуға тырысу.
2. Сынып ұжымынан бөлектемей, іс-шараларға қатыстыру, қоғамдық тапсырма беру.
3. Сабакқа қатысуын жүйелі бақылау.
4. Бос уақытын үнемді пайдалануға дағдыландыру.

5. Оқушының даму ерекшеліктерін үнемі бакылап, диагностикалык зерттеу жүргізу.

6. Сауалнамалар, тест әдістерін пайдалану.

Нәтижесінде

- өзара түсінік пайда болды;
- сабактан калмайды;
- мінез-құткында оналу байкалды;
- бакылауға көне бастады;
- ақыл – кеңестерді тындайтын дәрежеге жетті;
- ұжымнан бөлінбейтін болды;
- жеке басының жаксы сапалары ашылды;
- жүйкесі сауыға бастады;
- өзіне деген сенімділік пайда болып, он кадам басты;
- 9-сыныпты бітірген сон арнайы кәсіптік колледжге оқуға түсті.

Қорытынды

Қайта тәрбиелеу зиянды дағдылар мен әдеттерді түзетуге балалардың жасөспірімдер мен жастардың мінез-құлқындағы кемшіліктерді жоюға көмектеседі тәрбие берудің теориясын мінез-құлықтағы кемшіліктер моральға жат қылықтар мен қылмысқа бейімділіктің туа бітпейтіндігі туралы қағиданы басшылыққа алады. Олар жәнсіз орта қолайсыз жағдай әсерлерінен отбасындағы және мектептегі тәрбие қателіктері мен кемшіліктері нәтижесінде бойға сіңеді. Оларды өмір жағдайын өзгерту нәтижесінде және дұрыс ұйымдастырылған тәрбие мен қайта тәрбиелеу жолымен жоюға болады.

Қайта тәрбиелеу процесінде мектеп оқушылары мінез-құлықтағы кемшіліктерді түзетіп қана қоймай бірқатар қарама-қайшылықтарды- қоғамның жеке адамға қоятын талаптары мен оның өзіне талап қоюы арасындағы оның тілегі мен мүмкіндіктері арасындағы қайшылықтарды жеңіп шығады.

Кейбір авторлардың бала өміріндегі шиеленісті ситуацияларды шешу кезінде өмір жолын талдау кезінде өмір мақсаттары мен мұраттарын өзгерткен кезде қайта тәрбиелеу элементтерінен қашып құтылуға болмайды деген тұжырымдарды құптаған жөн.

Қайта тәрбиелеу қиын да ұзақ процесс. Қайта тәрбиелеудің тәрбиелеуден көп қиын екені белгілі. Бұл қайта тәрбиелеу процесінде бұрыннан қалыптасып қалған әдет көзқарас мінез белгілерін өзгертуге ал кейде ығыстырып шығаруға және бұрынғылардан өзгеше жаңаларын қалыптастыруға тура келетіндігімен түсіндіріледі. Қайта тәрбиелеу процесі егер тәрбиеленушінің дұрыс дамымауы біраз жерге шарықтап барып қалған егер оның бойына жағымсыз сипаттар тым сіңіп тұрақтаған жағдайда әсіресе қиын жүреді. Егер

осы белгілер тұрақты сипатқа берік бекмденбеген болса оларды түзетуге оңайырақ

Назардан тыс қалдырушылық пен ортаның жағымсыз әсерлері салдарынан салақ жүргізілген педагогикалық-психологиялық жұмыс тұрақты қоғамға жат сипатқа ие болады Кейде ол правоны бұзушылыққа және балалар арасындағы қылмысқа соқтыруы мүмкін Мұндай жағдайда күштеп қайта тәрбиелеу жолына түсуге тура келеді

Педагогикалық жағынан бетімен жіберілген балаларды қайта тәрбиелеу практикасы әдетте тәрбиелеумен қатар жүреді Мінезі қиындардың мінез-құлқындағы кемшіліктерді жою үшін әсіресе оларда жақсы қасиеттерді қалыптастыру үшін психологиялық ықпал жасаудың көмелігі әдістері қолданылады Мұнда нандыру сендіру мен жаттықтыру құптау мен жазалау ерекше орын атқарады Бірақ кейде қопару әдісін қолдануға үзілді-кесілді талап қоюға тура келеді әрине балаларды қоршаған ортаның теріс

әсерлерінен қоршап бөлектеу өте қиын тіпті мүмкіндік жоқ болуы да ғажап емес Оларды осы әсерлерге қарсылық қорсетуге үйретудің маңызы зор АС Макаренко тәрбиеленушілерді жаман әсердерден қорғаштаудың қажеті жоқ оларды соған табандылықпен қарсы тұруға үйрету керек деп әділ айтқан

Тәрбиешілер мен оқушысы үшін басты қарым-қатынасқа айналған өмірлік қарым-қатынастарды жақсы зерттеулері керек Қиын мінезді балаларды жөнге салуға отбасында талапқа сай жағдай туғызу олардың тәртібін бақылауды күшейту қызықты және әр түрлі іс-әрекетке тарту да жақсы әсерін тигізеді

Мінезі қиын оқушыларды тәрбиелгенде олардың мінез-құлықтарының жақсы жақтарына сүйенудің үлкен мәні бар. Әр оқушыдан әйтеуір бір жақсы бағалы керекті нәрсе табуға болады. Соған сүйене отырып, сана мен мінез-құлықтағы кемшіліктерді содырлықты жою оңайырақ болады. Мұғалімдер мен оқушылар арасында дұрыс қарым-қатынас жасауға тырысқан жөн. Бұл тәрбие практикасында жиі пайда болатын жатсынуды қайшылықты жеңуге көмектеседі.

Демек, тәрбиелеу мен қайта тәрбиелеу бір-бірімен тығыз байланысты. Қайта тәрбиелеу процесі тәрбиеленушілердің жалпы мәдениеті мен білімін жалпы дамуын арттырған жағдайда ойдағыдай жүреді.

Ұсынылып отырған Мінез-құлықта қиындығы бар оқушыларды зерттеу барысында қайта тәрбиелеудің әдіс-тәсілдері арқылы оқушының бойында сенімділікті дамыту деген тақырыптағы магистерлік жұмыста мен қиын баланы зерттеудің оны қайта тәрбиелеудің бағдарламасын келтірдім. Осы бағдарламаға сүйене отырып, мектептегі қиын балалармен жұмысты жетілдіре түсуге болады деп ойлаймын.

Қолданылған әдебиет:

- 1 Коэн А Исследования проблем социальной дезорганизации и отклоняющего поведения социология сегодня М,Наука,1965--с520
- 2 ВГ Степанов Психология индивидуального подхода к трудным учащимся Учебное пособие
- 3 Н С Гилинский Личностные особенности школьников и их связь с состоянием психического здоровья // школа и психическое здоровье учащихся
- 4 Проблемы формирования личности М Воронеж 1995
Л С Славина Индивидуальный подход к неуспевающим и недисциплинированным ученикам М 1972
- 5 Л С Выготский Основные проблемы дефектологии Собрание сочинений Том1 М1983
- 6 В Т Клондрашенко Девиантное поведение у подростков Минск 1988
- 7 Я Л Колминский Возрастная и педагогическая социальная психология в свете проблем воспитания Прикладные проблемы социальной психологии
И С Кон Психология ранней юности М1989
- 8 Ю А Шерковина Социальная психология М1993
- 9 Г О Бектурова О ребенке замолвите слово Юридическая газета 17 апреля2002г
- 10 Қиын баланы тәрбиелеу қиын ба ? ЖаманбалаеваШЕ Саясат 2002ж
- 11 Қиын баламен жұмыс істеудің негізгі шарттары ТРШаймерденов Тәрбие тағылымы Павлодар 2003
- 12 Қоянбаев Қ Педагогика Рауан 2001
- 13 Жарықбаев Қ Психология Алматы 1999
- 14 Немов А Практическая психология М 2001